

Нұсқаулық

43PUS6262
49PUS6262
50PUS6262
55PUS6262
65PUS6262

PHILIPS

Мазмұны

1 Қолдау алу 4

- 1.1 Теледидарды анықтап, тіркеңіз 4
- 1.2 Теледидар Анықтамасы және Пайдаланушы нұсқаулығы 4
- 1.3 Интернет анықтамасы және Пайдаланушы нұсқаулығы 4
- 1.4 Тұтынушыларды қолдау орталығы / жөндеу 4

2 Бағдарламалық құрал 6

- 2.1 Бағдарламалық құралды жаңарту 6
- 2.2 Бағдарламалық құрал нұсқасы 6

3 Қысқаша нұсқаулық 7

- 3.1 Қашықтан басқару құралы 7
- 3.2 Инфрақызыл сенсор 8
- 3.3 Джойстик - Жергілікті басқару 8

4 Орнату 10

- 4.1 Қауіпсіздік туралы нұсқауларды оқу 10
- 4.2 Теледидар орналасуы 10
- 4.3 Теледидарды қосу 10

5 Байланыстар 12

- 5.1 Байланыс мүмкіндігінің нұсқаулығы 12
- 5.2 Антенна 12
- 5.3 Спутник 12
- 5.4 Бейне құрылғы 12
- 5.5 Аудио құрылғы 13
- 5.6 Мобильді құрылғы 14
- 5.7 Басқа құрылғы 15

6 Ресурсты ауыстыру 18

- 6.1 Ресурстар тізімі 18
- 6.2 Құрылғының атын өзгерту 18
- 6.3 Байланыстарды қайта сканерлеу 18

7 Арналар 19

- 7.1 Арналар және арналарды ауыстырып қосу туралы 19
- 7.2 Арнаны орнату 19
- 7.3 Арналар тізімі 24
- 7.4 Арна сүзгісін таңдау 25
- 7.5 Таңдаулы арналар 26
- 7.6 Text / Teletext (Мәтін/телемәтін) 26

8 Теледидар нұсқаулығы 28

- 8.1 Сізге не қажет 28
- 8.2 Теледидар нұсқаулығын пайдалану 28

9 Теледидарды жазу және кідірту 30

- 9.1 Жазу 30
- 9.2 Теледидарды кідірту 31

10 Бейнелер, фотосуреттер және музыка 32

- 10.1 USB қосылымынан 32
- 10.2 Фотосуреттер 32
- 10.3 Бейнелер 32
- 10.4 Музыка 33

11 Теледидар параметрлері мәзірлерін ашу 34

- 11.1 Басты бет мәзірін шолу 34
- 11.2 Утилиталар мәзірі 34
- 11.3 Жылдам параметрлер мен Барлық орнатулар 34

- 11.4 Барлық орнатулар 34

12 Желі 44

- 12.1 Үй желісі 44
- 12.2 Желіге қосылу 44
- 12.3 Желі параметрлері 45

13 Smart TV 46

- 13.1 Smart TV қызметін реттеу 46
- 13.2 Smart TV бастапқы беті 46
- 13.3 Қолданбалар галереясы 46
- 13.4 Бірнеше көрініс 46

14 Ambientlight 47

- 14.1 Ambientlight мәнері 47
- 14.2 Ambientlight ашықтығы, қанықтығы 47
- 14.3 Ambientlight+реңк 47
- 14.4 Кеңейтілген Ambientlight параметрлері 48

15 Netflix 50

16 Қоршаған ортаға қауіпсіз 51

- 16.1 Еуропаның энергиялық тиімділік белгісі 51
- 16.2 Өнімнің микрофишасы 51
- 16.3 Пайдалануды аяқтау 51

17 Ерекшеліктер 53

- 17.1 Қуат 53
- 17.2 Қабылдау 53
- 17.3 Дисплей ажыратымдылығы 53
- 17.4 Қолданылатын кіріс ажыратымдылығы - Бейне 53
- 17.5 Қолданылатын кіріс ажыратымдылығы - Компьютер 54
- 17.6 Дыбыс 54
- 17.7 Мультимедиа 54
- 17.8 Байланыс мүмкіндігі 54

18 Ақаулықтарды жою 55

- 18.1 Кеңестер 55
- 18.2 Қосу 55
- 18.3 Қашықтан басқару құралы 55
- 18.4 Арналар 55
- 18.5 Спутник 56
- 18.6 Сурет 56
- 18.7 Дыбыс 57
- 18.8 HDMI - UHD 58
- 18.9 USB 58
- 18.10 Wi-Fi және Интернет 58
- 18.11 Қате мәзір тілі 58

19 Қауіпсіздік және қызмет көрсету 59

- 19.1 Қауіпсіздік 59
- 19.2 Экран күтімі 60

20 Пайдалану шарттары 61

21 Авторлық құқықтар 62

- 21.1 MHL 62
- 21.2 Ultra HD 62
- 21.3 HDMI 62
- 21.4 Dolby Audio 62
- 21.5 DTS 2.0 + Digital Out™ 62
- 21.6 Wi-Fi Alliance 62
- 21.7 Басқа сауда белгілері 62

22 Бастапқы коды ашық 63

22.1 Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал 63

22.2 Бастапқы коды ашық лицензия 63

23 Үшінші тараптар ұсынатын қызметтерден және/немесе бағдарламалық құралдан бас тарту 67

Индекс 68

Қолдау алу

Теледидарды анықтап, тіркеңіз

Теледидарды анықтаңыз - Теледидардың үлгі нөмірі және сериялық нөмірі

Теледидардың үлгі нөмірі және сериялық нөмірі сұралуы мүмкін. Бұл нөмірлерді ораманың немесе теледидардың артқы яки төменгі жағындағы жапсырмасында табуға болады.

Теледидарды тіркеңіз

Теледидарды тіркеп, әртүрлі артықшылықтарды, соның ішінде толық қолдауды (жүктеулерді қоса), жаңа өнімдер туралы ақпарат алу, арнайы ұсыныстар мен жеңілдіктер, сыйлықтар ұтып алу және тіпті жаңа өнімдер туралы арнайы сауалнамаларға қатысу мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.

www.philips.com/welcome сайтына өтіңіз

Теледидар Анықтамасы және Пайдаланушы нұсқаулығы

⚙ **Settings** (Параметрлер) > **Help** (Анықтама)

Теледидарға диагностика жасау және ол туралы қосымша ақпарат алу үшін Анықтама функциясын пайдалануға болады.

- **Теледидарды тексеру** - қысқа бейне клипті ойнатқанда сурет, дыбыс, Ambilight* дұрыс жұмыс істеп тұрғандығын тексере аласыз.
- **Желіні тексеру** - желі байланысын тексеріңіз.
- **Бағдарламалық құралды жаңарту** - қолжетімді бағдарламалық құрал жаңартуларын тексеріңіз.
- **Пайдаланушы нұсқаулығы** - теледидар туралы ақпаратты пайдаланушы нұсқаулығынан оқыңыз.
- **Ақаулықтарды жою** - жиі қойылатын сұрақтар бойынша шешімді табыңыз.
- **Зауыттық параметрлер** - Бастапқы параметрлерді қайта орнатыңыз.
- **Теледидарды қайта орнату** - теледидарды қайта орнатыңыз және орындалған теледидар орнатуын қайталап орындаңыз.
- **Байланыс ақпараты:** елдің немесе аймақтың телефон нөмірін немесе веб-мекенжайын көрсетеді.

* Ambilight тек ххPUS6272, ххPUS6262, ххPUT6262 теледидар үлгілеріне арналған.

Интернет анықтамасы және Пайдаланушы нұсқаулығы

Philips TV қатысты кез келген мәселені шешу үшін, желідегі қолдау қызметін пайдалануға болады. Тілді таңдап, өнімнің үлгі нөмірін енгізуге болады.

www.philips.com/support сайтына өтіңіз.

Қолдау қызметінің сайтында еліңіздің бізге хабарласуға арналған телефон нөмірін, сондай-ақ, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар табуға болады. Кейбір елдерде қызметкерлеріміздің біреуімен сөйлесіп, сұрағыңызды тікелей қоюыңызға немесе электрондық пошта арқылы жіберуіңізге болады.

Теледидардың жаңа бағдарламалық құралын немесе компьютерде оқу үшін нұсқаулықты жүктеп алуға болады.

Теледидардағы басқа ақауларды жою және жиі қойылатын сұрақтар (ЖҚС)...

Мына мекенжайға

өтіңіз: [http://philips-](http://philips-tvconsumercare.kxondemand.com/portal/en/ModelSelect)

tvconsumercare.kxondemand.com/portal/en/ModelSelect

Планшетте, смартфонда немесе компьютерде Теледидар Анықтамасы

Кеңейтілген нұсқаулардың реттіліктерін оңайырақ орындау үшін теледидардың анықтамасын PDF пішімінде жүктеп, смартфонда, планшетте немесе компьютерде оқуға болады. Бұған қосымша, тиісті анықтама бетін компьютерден басып шығаруға болады. Анықтаманы (пайдаланушы нұсқаулығын) жүктеп алу үшін www.philips.com/support сайтына өтіңіз

Тұтынушыларды қолдау орталығы / жөндеу

Қолдау алу және жөндеу үшін еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығының жедел желісіне қоңырау шалуға болады. Біздің қызмет көрсетуші инженерлеріміз қажет кезінде жөндеп береді.

Телефон нөмірін теледидармен бірге берілетін басылған құжаттамадан табуға болады.

Не болмаса, www.philips.com/support веб-сайтымызға кіріп, қажетті елді таңдаңыз.

Теледидардың үлгі мен сериялық нөмірі

Теледидардың үлгі нөмірі және сериялық нөмірі сұралуы мүмкін. Бұл нөмірлерді ораманың немесе теледидардың артқы яки төменгі жағындағы жапсырмасында табуға болады.

▲ **Ескерту**

Теледидарды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Бұл ауыр жарақатқа әкелуі, теледидарды жөнделмейтіндей зақымдауы немесе кепілдіктің күшін жоюы мүмкін.

Бағдарламалық құрал

Бағдарламалық құралды жаңарту

Жаңартуларды іздеу

Интернет арқылы жаңарту

[↑ \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Бағдарламалық құралды жаңарту](#) > [Жаңартуларды іздеу](#) > [Интернет](#)

Бағдарламалық құрал жаңартуын іздеңіз.

- Теледидар интернетке қосылса, теледидар бағдарламалық құралын жаңарту хабарын алуыңыз мүмкін. Жылдамдығы жоғары (кең ауқымды) интернет байланысы қажет. Осы хабарды алсаңыз, жаңарту орындауға кеңес береміз.
- Бағдарламалық құралды жаңарту барысында сурет пен теледидар өшіп қайта қосылады. Бұл бірнеше рет орын алуы мүмкін. Жаңарту әрекеті бірнеше минут алуы мүмкін.
- Теледидар суреті кері оралғанша күтіңіз. Бағдарламалық құралды жаңарту барысында теледидардағы немесе қашықтан басқару құралындағы қуат қосқышын  баспаңыз.

USB арқылы жаңарту

[↑ \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Бағдарламалық құралды жаңарту](#) > [Жаңартуларды іздеу](#) > [USB](#).

- Бағдарламалық құралды теледидарға жүктеу үшін, жылдамдығы жоғары интернет байланысы бар компьютер және USB жад құрылғысы керек болады.
- 512 Мбайт бос орны бар USB жады құрылғысын пайдаланыңыз. Жазу қорғауының ажыратылғанын тексеріңіз.

1 - Теледидарда жаңартуды бастау

Update software (Бағдарламалық құралды жаңарту)

> **Search for updates** (Жаңартуларды іздеу) > **USB**

опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

2 - Теледидарды анықтау

USB жадын теледидардың USB қосылымдарының біреуіне қосыңыз.

Start (Іске қосу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Идентификация файлы USB жады құрылғысына жазылған.

3 - Теледидар бағдарламалық құралын жүктеу

- USB жад құрылғысын компьютерге енгізіңіз.
- USB жад құрылғысынан **update.html** файлын тауып, екі рет басыңыз.
- **Идентификаторды жіберу** опциясын басыңыз.
- Егер жаңа бағдарламалық құрал бар болса, .zip файлын

жүктеп алыңыз.

- Жүктеп алғаннан кейін файлды мұрағаттан шығарып, **autorun.upg** файлын USB жад құрылғысына көшіріңіз.

- Бұл файлды қалтаға орналастырмаңыз.

4 - Теледидардың бағдарламалық құралын жаңарту USB жады құрылғысын теледидарға қайта енгізіңіз.

Жаңарту автоматты басталады.

Теледидар өзі 10 секундқа өшіп, қайта қосылады. Күте тұрыңыз.

Келесі әрекеттерді орындамаңыз. . .

- қашықтан басқару құралын пайдалану
 - USB жад құрылғысын теледидардан шығару
 -  пернесін екі рет басыңыз
 - теледидардағы қуат қосқышын басыңыз
- Теледидар өзі 10 секундқа өшіп, қайта қосылады. Күте тұрыңыз.

Теледидардың бағдарламалық құралы жаңартылған.

Теледидарды қайта пайдалануға болады.

Теледидар бағдарламалық құралының кездейсоқ жаңартылуын болдырмау үшін, autorun.upg файлын USB құрылғысынан жойыңыз.

Жергілікті жаңартулар

[↑ \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Бағдарламалық құралды жаңарту](#) > [Жергілікті жаңартулар](#).

Дилерлерге және тәжірибелі пайдаланушыларға арналған.

OAD жаңартуларын іздеу (Эфирден жүктеп алу)

[↑ \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Бағдарламалық құралды жаңарту](#) > [OAD жаңартуларын іздеу](#).

Әуе арқылы бағдарламалық құралды жаңартуды іздеу үшін сканерлеу.

Бағдарламалық құрал нұсқасы

[↑ \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Бағдарламалық құралды жаңарту](#) > [Ағымдағы бағдарламалық құрал туралы ақпарат](#)

Теледидар бағдарламалық құралының ағымдағы нұсқасын көру үшін.

Қысқаша нұсқаулық

Қашықтан басқару құралы


Батареялар мен тазалау

Батареяларды алмастыру

Егер теледидар қашықтан басқару құралындағы пернені басқанда реакция бермесе, батареялар қуаты таусылған болуы мүмкін.

Батареяларды ауыстыру үшін қашықтан басқару құралының артындағы батареялар бөлімін ашыңыз.

- 1 - Батарея есігін көрсеткі көрсететін бағытта сырғытыңыз.
- 2 - Ескі батареяларды 2 **AAA-R03-1,5 В** түріндегі батареямен алмастырыңыз. Батареялардың + және - жақтары дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.



3 - Батарея есігін орнына салыңыз және сырт еткенше артқа сырғытыңыз.

- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт бойы пайдаланбағанда батареяларды шығарып алыңыз.
- Ескі батареяларды пайдалану соңындағы нұсқауларға сай қоқысқа қауіпсіз тастаңыз.


Тазалау

Қашықтан басқару құралы сырылмайтын бетке қойылады.

Қашықтан басқару құралын тазалау үшін жұмсақ әрі дымқыл шүберекті қолданыңыз. Теледидар мен қашықтан басқару құралына спирт, химиялық заттар немесе тұрмыстық тазалағыштар сияқты заттарды қолданбаңыз.

Түймелерге шолу

Үсті



1 - Standby (Күту режимі) / On (Қосұлы)

Теледидарды қосады немесе қайтадан күту режиміне қайтарады.

2 - Ойнату және жазу

- Ойнату , ойнату үшін.
- Уақытша тоқтату , ойнатуды уақытша тоқтату үшін
- Тоқтату , ойнатуды тоқтату үшін
- Артқа айналдыру , артқа айналдыру үшін
- Жылдам алға айналдыру , жылдам алға айналдыру үшін
- Жазу , жазуды бастау үшін

3 - Ambilight

Ambilight мәнерінің бірін таңдау немесе Ambilight режимін өшіру үшін.

4 - TV GUIDE

Теледидар нұсқаулығын ашады немесе жабады.

5 - Search

Smart TV іздеулер бетін ашады.

6 - Параметрлер

Quick settings (Жылдам параметрлер) мәзірін ашады.


7 - SOURCES

Sources (Көздер) мәзірін ашады.

8 - LIST

Арналар тізімін ашады немесе жабады.

Ортасы



1 - Home

Home (Басты) мәзірін ашады.

2 - SMART TV

Smart TV бастапқы бетін ашады.

3 - Colour keys (Түсті пернелер)

Параметрлерді тікелей таңдау. Көк түйме , **Help** (Анықтама) тармағын ашады.

4 - INFO

Бағдарлама туралы ақпаратты ашады немесе жабады.

5 - BACK

Параметрді өзгертпей мәзірді жабады.

6 - - EXIT

Теледидарды қарауға оралу. Интерактивті теледидар қолданбасын тоқтату.

7 - OPTIONS

Options (Опциялар) мәзірін ашады немесе жабады.

8 - OK пернесі

Таңдауды немесе параметрді растайды. ТД қарау кезінде арналар тізімін ашу.


9 - Көрсеткі/ шарлау пернелері

Жоғары, төмен, солға немесе оңға жылжытады.

10 - MULTIVIEW

Қосымша шағын экранды ашады.

Асты



1 - NETFLIX

Netflix қолданбасын тікелей ашу. Қосулы немесе күту режиміндегі ТД.

- Егер Netflix мүшелік жазылымы болса, осы теледидарда Netflix мүмкіндігін пайдалануға болады. Теледидар интернетке қосылған болуы керек.
- Netflix қолданбасын ашу үшін **NETFLIX** түймесін басыңыз. Netflix қолданбасын күту режиміндегі теледидардан тікелей ашуға болады.
www.netflix.com

2 - Дыбыс деңгейі

Дыбыс деңгейін реттейді.

3 - Сан пернелері

Арнаны тікелей таңдайды.

4 - SUBTITLE

Субтитрлерді қосу, өшіру немесе автоматты түрде көрсету.

5 - Channel (Арна)

Арналар тізіміндегі келесі не алдыңғы арнаға ауыстырады. Мәтінде/телемәтінде келесі немесе алдыңғы бетті ашады. Дискіде келесі немесе алдыңғы тарауды бастайды.

6 - Дыбысты өшіру

Дыбысты өшіреді немесе қалпына келтіреді.

7 - TEXT

Мәтінді/телемәтінді ашады немесе жабады.

3.2

Инфрақызыл сенсор

Теледидар пәрмендер жіберу үшін ИҚ (инфрақызыл) сәулелерді пайдаланатын қашықтан басқару құралдарынан пәрмендерді ала алады. Мұндай қашықтан басқару құралын пайдалансаңыз, қашықтан басқару құралын теледидардың алдыңғы жағындағы инфрақызыл сенсорға бағыттаңыз.



Ескерту

Теледидардың инфрақызыл сенсорының алдыңғы жағына ешбір зат қоймаңыз, оның инфрақызыл сенсорды блоктауы мүмкін.

3.3

Джойстик - Жергілікті басқару

Теледидардағы түймелер


Қашықтан басқару құралын жоғалтып алсаңыз немесе батареялары бос болса, кейбір негізгі теледидар операцияларын әлі де орындауға болады.

Негізгі мәзірді ашу үшін...



1 - Теледидар қосулы кезде, негізгі мәзірді ашу үшін теледидардың артқы жағындағы джойстик түймесін басыңыз.

2 -  Volume (Дыбыс деңгейі),  Channel (Арна) немесе  Sources (Көздер) опцияларын таңдау үшін сол немесе оң жақтарын басыңыз. Дето фильмін бастау үшін  Дето опциясын таңдаңыз.



3 - Дыбыс деңгейін реттеу немесе келесі не алдыңғы арнаға өту үшін жоғары немесе төмен басыңыз. Ресурстар тізімі, оның ішінде тюнер таңдауы арқылы ауысу үшін жоғары немесе төмен басыңыз.

Мәзір автоматты түрде жоғалады.

Орнату

4.1

Қауіпсіздік туралы нұсқауларды оқу

Теледидарды бірінші рет пайдаланбай тұрып қауіпсіздік туралы нұсқауларды оқып шығыңыз.


Анықт. > **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі нұсқауларды оқу үшін **Keywords** (Кілтсөздер) түрлі түсті пернесін басып, **Safety and Care** (Қауіпсіздік және қызмет көрсету) деп іздеңіз.

4.2

Теледидар орналасуы

Орналастыру бойынша кеңестер

- Теледидарды экранына жарық тікелей түспейтін жерге орналастырыңыз.
- Теледидарды қабырғадан 15 см қашығырақ орналастырыңыз.
- Ultra HD TV көру үшін қолайлы арақашықтық экран биіктігінен 2-5 есе болғаны дұрыс. Отырған кезде көз экранның орта тұсымен бір деңгейде болуы тиіс.



ТД тірегі


ТД тірегін орнату туралы нұсқауларды теледидармен бірге берілген Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығынан табуға болады. Осы нұсқаулықты жоғалтып алсаңыз, оны www.philips.com сайтынан жүктеп алуға болады.

Жүктеп алынатын **Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығын** теледидардың үлгі нөмірі арқылы іздеңіз.

Қабырғаға орнату

Сондай-ақ, Теледидар VESA стандартымен үйлесімді қабырға кронштейнімен (бөлек сатылады) қолдануға дайын.

Қабырғаға орнатуды сатып алғанда келесі VESA кодын пайдаланыңыз. . .



- 43PUx6262
VESA MIS-F 200x200, M6 (ең кемі 10 мм, ең көбі 14 мм)
- 49PUx6262
VESA MIS-F 200x200, M6 (ең кемі 10 мм, ең көбі 14 мм)
- 50PUx6262
VESA MIS-F 200x200, M6 (ең кемі 10 мм, ең көбі 14 мм)
- 55PUx6262
VESA MIS-F 200x200, M6 (ең кемі 10 мм, ең көбі 14 мм)
- 55PUx6262
VESA MIS-F 300x200, M6 (ең кемі 10 мм, ең көбі 14 мм)
- 65PUx6262
VESA MIS-F 400x200, M6 (ең кемі 10 мм, ең көбі 16 мм)

Дайындау

Алдымен, теледидардың артқы жағындағы резьбалы тығындардан 4 пластик бұранда қалпақты алып тастаңыз. Теледидарды VESA стандартымен үйлесімді кронштейнге орнату үшін металл бұрандалардың теледидардың резьбалы тығындарына шамамен 10 мм тереңдікке енетінін тексеріңіз.

Абайлаңыз

Теледидарды қабырғаға орнату үшін, арнайы тәжірибе қажет және оны тек білікті мамандар орындауы керек. Теледидарды қабырғаға орнату олардың салмағына сәйкес қауіпсіздік стандарттарына сай болуы керек. Теледидарды орнатар алдында сақтық шараларын оқыңыз.


TP Vision Europe B.V. дұрыс орнатпау, не болмаса орнатудан туындайтын сәтсіз немесе жарақат алуға әкелетін жағдайлар үшін жауапты емес.

4.3

Теледидарды қосу

Қуат кабелін жалғау

- Қуат кабелін теледидардың артындағы **POWER** коннекторына қосыңыз.
- Қуат кабелінің коннекторға мықтап кіргізілгенін тексеріңіз.
- Розеткадағы қуат ашасына кез келген уақытта қол жеткізуге болатынын тексеріңіз.
- Қуат кабелін суырғанда әрқашан ашаны тартыңыз, ешқашан кабельді тартпаңыз.



Бұл теледидар күту режимінде электр қуатын өте аз пайдаланғанымен, теледидарды ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, қуат үнемдеу үшін электр сымын ажыратып қойыңыз.

Қосу немесе күту режимі

Теледидарды қоспас бұрын, теледидардың артқы жағындағы **POWER** коннекторына желі қуатын жалғағаныңызды тексеріңіз.

Қосу

- Теледидардың артындағы кішкентай джойстик пернесін басыңыз.



Күту режиміне ауыстыру

Теледидарды күту режиміне ауыстыру үшін қашықтан басқару құралындағы **⏻** түймесін басыңыз. Сонымен қатар теледидардың артындағы кішкентай джойстик пернесін басуға болады.

Күту режимінде теледидар ток көзіне қосылып тұр, бірақ өте аз қуат тұтынады.

Теледидарды толығымен өшіру үшін қуат ашасын суырыңыз.

Қуаттан ажырату кезінде ашаны ұстап тартыңыз, ешқашан кабелінен тартпаңыз. Ашаға, қуат кабеліне және розеткаға әрдайым қолыңыз жететініне көз жеткізіңіз.

Байланыстар

5.1

Байланыс мүмкіндігінің нұсқаулығы

Құрылғыны теледидарға әрқашан жоғары сапалы қосылыммен қосыңыз. Сондай-ақ, сурет пен дыбыстың жақсы тасымалдануын қамтамасыз ету үшін жоғары сапалы кабельдерді пайдаланыңыз.

Құрылғыны жалғаған кезде, теледидар оның түрін анықтайды және әр құрылғыға дұрыс түр атауын береді. Қаласаңыз, түр атауын өзгертуге болады. Құрылғыға дұрыс түр атауы берілсе, Sources (Көздер) мәзірінде осы құрылғыға ауысқан кезде, теледидар ыңғайлы теледидар параметрлеріне автоматты түрде ауысады.

Бірнеше құрылғыны теледидарға қосу үшін көмек керек болса, Philips TV қосылым мүмкіндігінің нұсқаулығына кіруіңізге болады. Нұсқаулық қосу жолы және пайдаланылатын кабельдер туралы ақпаратты ұсынады.

www.connectivityguide.philips.com сайтына өтіңіз


5.2

Антенна

Антенна ашасын теледидардың артындағы **Antenna** ұясына мықтап қосыңыз.

Жеке антеннаңызды қосуға немесе антенна сигналына антенна тарату жүйесінен қосылуға болады. IEC Coax 75 Ohm RF антенна қосқышын пайдаланыңыз.


Бұл антенна байланысын DVB-T және DVB-C кіріс сигналдары үшін пайдаланыңыз.



5.3

Спутник

Теледидардың артындағы **SAT** спутник қосылымына спутниктің F түріне жататын қосқышты бекітіңіз.




5.4

Бейне құрылғы

HDMI

HDMI қосылымының көрінісі мен дыбыс сапасы ең жақсы.

Ең жақсы сигнал сапасын алу үшін жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланыңыз және 5 метрден ұзын HDMI кабелін қолданбаңыз, сонымен бірге HDMI 2 және HDMI 3 қосылымында HDR қолдайтын құрылғыларды қосыңыз.



Көшіруден қорғау


HDMI порттарында HDCP (жоғары өткізу мүмкіндігі бар сандық мазмұнды қорғау) мүмкіндігі бар. HDCP — DVD немесе Blu-ray дискілерінен мазмұнның көшірілуін болдырмайтын қорғау сигналы. DRM (сандық құқықтарды басқару) деп те аталады.

Компонент

Y Pb Pr - Компоненттік бейне жоғары сапалы қосылым болып табылады.

YPbPr қосылымын ажыратымдылығы жоғары (HD) теледидар сигналдарына пайдалануға болады. Y, Pb және Pr сигналдарының жанына дыбысқа арналған Audio Left and Right (Сол жақ және оң жақ дыбыс) сигналдарын қосыңыз.


YPbPr (жасыл, көк, қызыл) коннекторының түстерін жалғаған кезде кабель ашаларымен сәйкестендіріңіз. Құрылғыңызда да дыбыс болса, Audio L/R (cinch) кабелін пайдаланыңыз.



Құрамдас

CVBS — құрама бейне стандартты сапалы қосылым болып табылады. CVBS сигналы жанына дыбысқа арналған Audio Left and Right (Сол жақ және оң жақ дыбыс) сигналдарын қосады.

- Y және CVBS бірдей ұяны пайдаланады.
- Component және Composite бірдей аудио ұяларды пайдаланады.




5.5

Аудио құрылғы

HDMI ARC

Теледидардағы **HDMI 1** қосылымында **HDMI ARC** (Дыбыс қайтару арнасы) бар.


Егер құрылғыда, әдетте үй кинотеатры жүйесінде (HTS) HDMI ARC ұясы болса, оны осы теледидардағы **HDMI 1** ұясына қосыңыз. HDMI ARC ұясымен теледидар суретінің дыбысын HTS жүйесіне жіберетін сыртқы дыбыс кабелін қосудың қажеті жоқ. HDMI ARC ұяшығы екі сигналды біріктіреді.



Сандық дыбыс шығысы - оптикалық


Дыбыс шығысы - оптикалық — жоғары сапалы дыбыс қосылымы.

Бұл оптикалық қосылым 5.1 аудио арналарын тасымалдайды. Құрылғыңызда, әдетте үй кинотеатры жүйесінде (HTS) HDMI ARC ұялары болмаса, осы қосылымды HTS жүйесінде «Дыбыс шығысы - оптикалық» қосылымымен пайдалануға болады. «Дыбыс шығысы - оптикалық» қосылымы дыбысты теледидардан HTS бейнесіне жібереді.



Құлақаспап

Құлақаспап жинағын теледидардың бүйір бөлігіндегі  байланысына жалғаңыз. Байланыс — 3,5 мм шағын ұя. Құлақаспаптың дыбыс деңгейін бөлек реттеуге болады.



5.6

Мобильді құрылғы

Wi-Fi Direct / Miracast

Wi-Fi Miracast туралы

Wi-Fi Miracast™ құралы бар теледидарда мобильді құрылғыдан фотосуреттерді көруге немесе музыка мен бейнелерді ойнатуға болады. Мобильді құрылғы мен теледидар әдетте бір бөлмеде болатын ауқымда болуы қажет.

Мобильді құрылғысы Miracast функциясына дайын екенін тексеріңіз.

Теледидарыңыз — **Wi-Fi CERTIFIED Miracast™** құрылғысы. Miracast™ бағдарламасымен смартфон, планшет немесе компьютер экранын сымсыз жолмен теледидар экранынан көруге және мазмұндарды бөлісуге болады. Құрылғының экранындағы бейнелерді (дыбыс пен бейне) ойнатуға, фотосуреттерді және басқа да мазмұндарды бөлісуге болады. Құрылғыны үй желісіне қосудың қажеті жоқ. Теледидар мен құрылғының екеуі де Wi-Fi CERTIFIED Miracast™ қызметін қолдайтын құрылғы болып, Miracast функциясы қосылып тұруы керек.

Осы теледидардағы Miracast HDCP протоколына қосылымды және құрылғы жіберген көшірмеден қорғалған кеңейтілген мазмұнды көрсете алмайды. Қолдау көрсетілген ең жоғары бейне ажыратымдылығы — 2,4 ГГц Wi-Fi үшін 720 немесе 5 ГГц Wi-Fi үшін 1080.

Wi-Fi CERTIFIED Miracast™ туралы қосымша ақпаратты www.wi-fi.org веб-сайтынан қараңыз

Wi-Fi®, **Wi-Fi CERTIFIED** логотипі, **Wi-Fi** логотипі — Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгілері. **Wi-Fi CERTIFIED Miracast™**, **Miracast™** — Wi-Fi Alliance компаниясының сауда белгілері.

Miracast байланысын пайдалану

Miracast функциясын қосу

 **SOURCES** > **Miracast** түймесін басыңыз

Экранды теледидарда бөлісу

- 1 - Мобильді құрылғыңызда Miracast (Экранды қосарлау) мүмкіндігін іске қосыңыз.
- 2 - Мобильді құрылғыңызда теледидарды таңдаңыз. (Бұл теледидар үлгі атауы түрінде көрсетіледі)
- 3 - Мобильді құрылғыңызда теледидар атауын таңдаңыз, байланысқаннан кейін Miracast мүмкіндігін пайдалана аласыз.

Бөлісуді тоқтату

Экранды теледидармен немесе мобильді құрылғымен бөлісуді тоқтатуға болады.

Құрылғыдан

Miracast қызметін іске қосу үшін пайдаланылатын қолданбамен байланысты үзіп, құрылғының экранын теледидардан көруді тоқтатуға болады. Теледидар қайтадан соңғы таңдалған бағдарламаға қосылады.

Теледидардан

Құрылғының экранын теледидардан көруді тоқтату. . .

- телехабарды көру үшін  **EXIT** түймесін басыңыз
- теледидарда басқа әрекетті бастау үшін  **(Home)** (Басты бет) түймесін басыңыз
- Sources (Көздер) мәзірін ашу және қосылған құрылғыны таңдау үшін  **SOURCES** түймесін басыңыз.

Wi-Fi Miracast байланысын қайта орнату

Бұрын қосылған барлық құрылғылар Wi-Fi Miracast қосылымының тізімінде сақталады.

Барлық қосылған Miracast құрылғыларын жою...

 **(Басты бет)** > **Параметрлер** > **Барлық орнатулар** > **Желі** > **Wi-Fi Miracast байланысын қайта орнату.**

Экраннан кешігіп көрсету

Экранды Miracast арқылы бөліскендегі кешігу әдетте 1 секундты құрайды. Өңдеу қуаты төменірек ескі құрылғыларды қолданғанда, бұл уақыт ұзағырақ болуы мүмкін.

MHL

Бұл теледидар MHL™ қызметімен үйлесімді.

Егер мобильді құрылғы да MHL қызметімен үйлесімді болса, мобильді құрылғыны MHL кабелі арқылы теледидарға қосуға болады. Қосылған MHL кабелі арқылы мобильді құрылғыдағы контентті теледидар экранында бөлісуге болады. Мобильді құрылғы оның батареясын бір уақытта зарядтайды. MHL қосылымы теледидарда ұзақ уақыт бойы мобильді құрылғыдағы фильмдерді көруге және ойын ойнауға ыңғайлы.

Зарядтау

MHL кабелімен қосылған кезде, теледидар қосұлы кезде құрылғы зарядталады (күту режимінде емес).

MHL кабелі

Мобильді құрылғыны теледидарға қосу үшін белсенді емес MHL кабелі (HDMI - Micro USB) қажет. Мобильді құрылғыға қосу үшін қосымша адаптер қажет болуы мүмкін. MHL кабелін теледидарға жалғау үшін **HDMI 3 MHL** қосылымын пайдаланыңыз.



MHL, Mobile High-Definition Link және MHL логотипі — MHL, LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

Қолданбалар - Philips TV теледидарын қашықтан басқару қолданбасы

Теледидарды қашықтан басқару қолданбасы арқылы айналаңыздағы мультимедиа шеберіне айналасыз. Үлкен теледидар экранына фотосуреттер, музыка немесе бейнелер жіберіңіз, не болмаса теледидар арналарының кез келгенін планшеттен немесе телефоннан көріңіз. Теледидар нұсқаулығынан көргіңіз келген нәрсені іздеп, оны телефоннан немесе теледидардан көріңіз. Теледидарды қашықтан басқару қолданбасы арқылы телефонды қашықтан басқару құралы етіп пайдалануға болады*.

Таңдаулы қолданбалар дүкенінен бүгін Philips TV теледидарын қашықтан басқару қолданбасын сатып алыңыз.

Philips TV теледидарын қашықтан басқару қолданбасы iOS және Android жүйелері үшін қолжетімді және тегін

беріледі.

* Телефоныңызды қашықтан басқару құралы ретінде пайдаланғанда теледидарды телефоныңыз арқылы қосып, өшіруге болмайды.

5.7

Басқа құрылғы

Смарт карталы CAM - CI+

CI+ туралы ақпарат

Бұл теледидар CI+ шартты кіру үшін дайын.

CI+ мүмкіндігімен аймағыңыздағы сандық теледидар операторлары ұсынатын фильмдер мен спорт сияқты ажыратымдылығы жоғары бағдарламаларды қарауға болады. Бұл бағдарламаларды теледидар операторы шифрлайды, алдын ала төленген CI+ модулімен шифры алынады.

Үздік бағдарламаларына жазылған кезде, сандық теледидар операторлары CI+ модулін (шартты кіру модулі - CAM) және онымен бірге жүретін смарт картаны береді. Бұл бағдарламалардың көшіруден қорғау деңгейі жоғары.

Шарттар мен ережелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін сандық теледидар операторына хабарласыңыз.



Смарт карта

Үздік бағдарламаларына жазылған кезде, сандық теледидар операторлары CI+ модулін (шартты кіру модулі - CAM) және онымен бірге жүретін смарт картаны береді.

Смарт картаны CAM модуліне енгізіңіз. Оператор ұсынған нұсқаулықты қараңыз.


CAM модулін теледидарға енгізу үшін...

1. Дұрыс салу әдісін көру үшін CAM модулінен қараңыз. Дұрыс салынбаса, CAM мен теледидар зақымдалуы мүмкін.
2. Теледидарға CAM модулінің алдыңғы жағы сізге қараған күйде қарап, CAM модулін **ЖАЛПЫ ИНТЕРФЕЙС** ұясына мұқият енгізіңіз.
3. CAM модулін кіргенше салыңыз. Оны ұяда қалдырыңыз.

Теледидарды қосқан кезде, CAM іске қосылуы бірнеше минут уақыт алады. CAM модулі енгізіліп, жазылым ақылары төленсе (жазылым әдістері әртүрлі болуы мүмкін), CAM смарт картасы қолдау көрсететін

шифрланған арналарды қарай аласыз.

CAM модулі мен смарт карта арнайы теледидарыңызға арналған. CAM модулін алып тастасаңыз, CAM смарт картасы қолдау көрсететін шифрланған арналарды бұдан былай қарай аласыз.




USB жад құрылғысы

Қосылған USB жад құрылғысынан суреттерді көруге немесе музыканы және бейнені ойнатуға болады. Теледидар қосылып тұрғанда теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне USB жад құрылғысын қосыңыз.

Теледидар жад құрылғысын анықтап, оның мазмұнын көрсететін тізімді ашады.

Мазмұн тізімі автоматты түрде пайда болмаса, **SOURCES** пернесін, одан кейін **USB** түймесін басыңыз.



USB жад құрылғысынан контентті көру немесе ойнату туралы қосымша ақпарат алу үшін **Help** (Анықтама) бөлімінде түрлі түсті **Keywords** (Кілтсөздер) түймесін басып, **Photos, Videos and Music** (Фотосуреттер, бейнелер және музыка) деп іздеңіз.

USB қатты дискісі

Орнату

USB қатты дискісін жалғасаңыз, теледидардың хабар таратылымын уақытша тоқтатуға немесе жазуға болады. Теледидардың хабар таратылымы сандық хабар таратылымы (DVB хабар таратылымы немесе ұқсас) болуы тиіс.

Таратылымды кідірту немесе жазу алдында USB қатты дискісін қосу және пішімдеу қажет. Пішімдеген кезде USB қатты дискісіндегі барлық файлдар жойылады.

Кідірту

Таратылымды кідірту үшін сізге кемінде 4 ГБ бос орны бар USB портымен үйлесімді қатты диск қажет.


Жазу

Таратылымды кідірту және жазу үшін, кемінде 250 ГБ бос орын қажет. Таратылымды интернеттегі теледидар нұсқаулығының деректерімен жазғыңыз келсе, USB қатты дискісін орнатпас бұрын теледидарға интернет байланысын орнатуыңыз қажет.

- 1 - USB қатты дискісін теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне қосыңыз. Пішімдеу кезінде басқа USB құрылғысын екінші USB порттарына қоспаңыз.
- 2 - USB қатты дискісі мен теледидарды қосыңыз.
- 3 - Теледидар сандық теледидар арнасына реттелген болса, **II** (Кідірту) түймесін басыңыз. Кідірту әрекеті пішімдеуді бастайды.

Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

USB қатты дискісі пішімделгеннен кейін тұрақты жалғанып тұра берсін.



Ескерту

USB қатты дискісі осы теледидар үшін арнайы пішімделген, ондағы жазбаларды басқа теледидарда немесе компьютерде қолдану мүмкін емес. USB қатты дискісіндегі жазба файлдарын ешбір компьютер қолданбасымен көшіруге немесе өзгертуге болмайды. Әйтпесе, жазбалар бүлінеді. Басқа USB қатты дискісін пішімдеген кезде оның мазмұны жоғалады. Теледидарда орнатылған USB қатты дискісін компьютерде пайдалану үшін қайта пішімдеу

керек.

Анықт. ішіндегі нұсқауларды оқу үшін **Keywords** (Кілтсөздер) түрлі түсті пернесін басып, **USB қатты дискісі** деп іздеңіз.

Пішімдеу


Таратылымды кідірту немесе жазу алдында USB қатты дискісін қосу және пішімдеу қажет. Пішімдеген кезде USB қатты дискісіндегі барлық файлдар жойылады. Егер таратылатын хабарды теледидар нұсқаулығының деректері арқылы интернеттен жазғыңыз келсе, USB қатты дискісін орнатудың алдында интернетке қосылу қажет.

Ескерту

USB қатты дискісі осы теледидар үшін арнайы пішімделген, ондағы жазбаларды басқа теледидарда немесе компьютерде қолдану мүмкін емес. USB қатты дискісіндегі жазба файлдарын ешбір компьютер қолданбасымен көшіруге немесе өзгертуге болмайды. Әйтпесе, жазбалар бүлінеді. Басқа USB қатты дискісін пішімдеген кезде оның мазмұны жоғалады. Теледидарда орнатылған USB қатты дискісін компьютерде пайдалану үшін қайта пішімдеу керек.

USB қатты дискісін пішімдеу...

- 1 - USB қатты дискісін теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне қосыңыз. Пішімдеу кезінде басқа USB құрылғысын екінші USB порттарына қоспаңыз.
- 2 - USB қатты дискісі мен теледидарды қосыңыз.
- 3 - Теледидар сандық теледидар арнасына реттелген болса, **II** (Кідірту) түймесін басыңыз. Кідірту әрекеті пішімдеуді бастайды. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- 4 - Теледидарда қолданбаларды сақтау үшін USB қатты дискісін пайдаланғыңыз келетін-келмейтіні туралы сұрайды, пайдаланғыңыз келсе, сұрақпен келісесіз.
- 5 - USB қатты дискісі пішімделгеннен кейін тұрақты жалғанып тұра берсін.



Ресурсты ауыстыру

6.1

Ресурстар тізімі

- Sources (Көздер) мәзірін ашу үшін  **SOURCES** пернесін басыңыз.
- Қосылған құрылғыға ауысу үшін құрылғыны  (жоғары) немесе  (төмен) көрсеткісінің көмегімен таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- Құрылғыға ауыспастан көз мәзірін жабу үшін  **SOURCES** пернесін қайтадан басыңыз.

6.2

Құрылғының атын өзгерту

- Тек CVBS, YPbPr, HDMI көздерінің атауларын өзгертуге болады немесе құрылғы белгішесін ауыстырыңыз.
- 1 -  **SOURCES** түймесін басып, CVBS, YPbPr немесе HDMI көзін таңдаңыз.
 - 2 -  **Өзгерту** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
 - 3 - Құрылғы белгішелерінің бірін таңдап, **OK** түймесін басыңыз, алдын ала орнатылған аты теру жолында көрсетіледі.
 - 4 - Теру жолында **OK** түймесін басып, экрандық пернетақтаны пайдаланып, жаңа атауын енгізіңіз.
 - Кіші әріппен енгізу үшін  (қызыл) пернесін басыңыз
 - Бас әріппен енгізу үшін  (жасыл) пернесін басыңыз
 - Сандар мен белгілерді енгізу үшін  (сары) пернесін басыңыз
 - Таңбаны жою үшін  (көк) пернесін басыңыз
 - 5 - Өзгертуді аяқтағаннан кейін, **Дайын** опциясын таңдаңыз.

6.3

Байланыстарды қайта сканерлеу

Ресурстар мәзірін соңғы қосылған құрылғылармен жаңарту үшін барлық теледидар байланыстарын қайта сканерлеуге болады.

Байланыстарды қайта сканерлеу үшін...

- 1 - Ресурстар мәзірін ашу үшін  **SOURCES** түймесін басыңыз.
- 2 - Ресурстар мәзірінің үстіңгі оң жағындағы  (жоғары) белгішесін таңдап,  түймесін басыңыз.
- 3 - Байланыстарды сканерлеуді бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Арналар

7.1

Арналар және арналарды ауыстырып қосу туралы

Теледидар арналарын көру

- **TV** түймесін басыңыз. Теледидар соңғы көрген теледидар арнасына реттейді.
- **Home** (Басты бет) > **Channels** (Арналар) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- Арналарды ауыстыру үшін **Menu** + немесе **Menu** - пернесін басыңыз.
- Арна нөмірін білсеңіз, сан пернелерімен нөмірін теріңіз. Арналарды ауыстыру үшін нөмірді енгізген соң **OK** түймесін басыңыз.
- Алдында реттелген арнаға ауысу үшін **Back** түймесін басыңыз.

Арналар тізімінен арнаға ауысу үшін

- Теледидар арнасын көріп отырған кезде арналар тізімдерін ашу үшін **List** түймесін басыңыз.
- Арналар тізімінде арналардан тұратын бірнеше бет болуы мүмкін. Келесі немесе алдыңғы бетті көру үшін **Next** + немесе **Prev** - түймесін басыңыз.
- Арналарды ауыстырмай арналар тізімдерін жабу үшін **List** (Тізім) түймесін қайта басыңыз.

Арна белгішелері

Арналар тізімін автоматты түрде жаңартқаннан кейін, жаңадан табылған арналар **★** (жұлдызша) белгісімен белгіленеді.

Егер арна құлыпталса, бұл **Lock** (құлып) белгісімен белгіленеді.

Радио арналары

Сандық таратылым қолжетімді болса, орнату кезінде сандық радиостанция орнатылады. Радио арнасына теледидар арнасына ұқсас ауысуға болады.

Бұл теледидарда сандық теледидардың DVB стандарты қабылданады. Теледидар толығымен стандартты талаптарға сәйкес емес сандық теледидардың кейбір операторларымен дұрыс істемеуі мүмкін.

7.2

Арнаны орнату

Антенна және кабельді

Арналар мен арна параметрлерін қолмен іздеу

Арналарды іздеу

Бар арналар тізімін жаңарту

Home (Басты бет) > **Param** (Параметрлер) > **Antenna/Cable** (Антеннаны/кабельді орнату) > **Find** (Арналарды іздеу) > **Find** (Арналарды жаңарту)

Барлық арналарды қайта орнату

Home (Басты бет) > **Param** (Параметрлер) > **Antenna/Cable** (Антеннаны/кабельді орнату) > **Find** (Арналарды іздеу) > **Find** (Арналарды қайта орнату)

1 - Ағымдағы елді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

2 - **Antenna (DVB-T)** (Антенна) немесе **Cable (DVB-C)** (Кабель) опциясын таңдап, қайта орнату керек бір элементті таңдаңыз.

3 - **Сандық және аналогтық арналар**, **Тек сандық арналар** немесе **Тек аналогтық арналар** опциясын таңдаңыз.

4 - **Start** (Іске қосу) опциясын таңдап, арналарды жаңарту үшін **OK** түймесін басыңыз. Бұл бірнеше минут алуы мүмкін.

Арна параметрлері

Home (Басты бет) > **Param** (Параметрлер) > **Antenna/Cable** (Антеннаны/кабельді орнату) > **Find** (Арналарды іздеу) > **Find** (Арналарды қайта орнату)

1 - Ағымдағы елді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

2 - **Antenna (DVB-T)** (Антенна) немесе **Cable (DVB-C)** (Кабель) опциясын таңдап, қайта орнату керек бір элементті таңдаңыз.

3 - **Сандық және аналогтық арналар**, **Тек сандық арналар** немесе **Тек аналогтық арналар** опциясын таңдаңыз.

4 - **Param** (Параметрлер) пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

5 - Қайта орнату үшін **Reset (Қайта орнату)** немесе баптауды аяқтағаннан кейін **Done (Дайын)** түймесін басыңыз.

Жиілік б-ша тексеру

Арналарды іздеу әдісін таңдаңыз.

- **Жылдам**: жылдамырақ әдісін таңдап, еліңізде көптеген кабельдік провайдерлер пайдаланатын алдын ала анықталған параметрлерді пайдалануға болады.

- **Толық**: егер бұл ешқандай арналардың орнатылмауын немесе кейбір арналардың жоқ болуын тудырса, кеңейтілген **Толық** әдісін таңдауға болады. Бұл әдіс арналарды іздеп, орнату үшін шамалы уақыт алады.

- **Кеңейтілген**: Арналарды іздеу үшін нақты желі жиілігінің мәнін алсаңыз, **Advanced** (Кеңейтілген) опциясын таңдаңыз.

Жиілік қадамының өлшемі

Теледидар арналарды **8 МГц** қадамымен іздейді.

Егер бұл ешқандай арналардың орнатылмауын немесе кейбір арналардың жоқ болуын тудырса, **1 МГц** шағын

қадамдарда іздеуге болады. 1 МГц қадамдарды пайдалану арналарды іздеп, орнатуға біраз уақыт алады.

Желі жиілігі режимі

Арналарды іздеу үшін **Frequency scan** (Жиілік б-ша тексеру) ішінде тез **Quick** (Жылдам) әдісін пайдаланғыңыз келсе, **Automatic** (Автоматты) опциясын таңдаңыз. Теледидар еліңізде көптеген кабельдік провайдерлер пайдаланатындай алдын ала анықталған желі жиіліктерінен 1 (немесе НС - үй арнасын) пайдаланады. Арналарды іздеу үшін нақты желі жиілігінің мәнін алсаңыз, **Manual (Қолмен)** опциясын таңдаңыз.

Желі жиілігі

Network frequency mode (Желі жиілігі режимі) **Manual** (Қолмен) мәніне орнатылғанда, осы жерге кабельдік провайдерден алынған желі жиілігінің мәнін енгізуге болады. Мәнді енгізу үшін сан пернелерін пайдаланыңыз.

Желі нөмірі

Кабель провайдері берген желі нөмірін енгізіңіз.

Берілу жылдамдығы режимі

Кабельдік провайдер телеарналарды орнатуға нақты «**таңбалық жылдамдық**» мәнін бермесе, **Symbol rate mode** (таңбалық жылдамдық режимі) параметрін **Automatic** (Автоматты) мәнінде қалдырыңыз. Егер белгілі бір таңбалық жылдамдық мәні алынса, **Manual** (Қолмен) опциясын таңдаңыз.

Таңбалық жылдамдық

Symbol rate mode (Таңбалық жылдамдық режимі) параметрін **Manual** (Қолмен) күйіне орнатумен сандық кілттер арқылы берілу жылдамдығы мәнін енгізуге болады.

Шектеусіз/шифрланған

Теледидар қызметтерін төлеу үшін жазылымыңыз және CAM - шартты кіру модулі болса, **Free + scrambled (Шектеусіз + шифрланған)** опциясын таңдаңыз. Теледидар арналарына немесе қызметтеріне төлеу үшін жазылмасаңыз, **Free channels only (Тек тегін арналар)** опциясын таңдауға болады.

Арналарды автоматты түрде іздеу

⬆ (Басты бет) > Параметрлер > Антеннаны/кабельді орнату > Арнаны автоматты түрде жаңарту

Сандық арналар қабылданған жағдайда, теледидарды тізімді жаңа арналармен автоматты түрде жаңартатын етіп орнатуға болады.

Сонымен қатар, арнаны жаңартуды өзіңіз бастауға болады.

Арнаны автоматты түрде жаңарту

Бір күні таңғы сағат 6-да теледидар арналарды жаңартып, жаңа арналарды сақтайды. Жаңа арналар барлық арналар ішінде сақталады, бірақ жаңа арналар тізімінде де болады. Бос арналар жойылады.

Жаңа арналар табылған уақытта немесе арналар жаңартылса не жойылса, теледидар қосылған кезде хабар

көрсетіледі. Арналарды автоматты жаңарту үшін теледидар күту режимінде болуы керек.

Арнаны жаңарту хабары

⬆ (Басты бет) > Параметрлер > Антеннаны/кабельді орнату > Арнаны жаңарту хабары

Жаңа арналар табылған кезде немесе арналар жаңартылса немесе жойылса, теледидар қосылған кезде хабар көрсетіледі. Әр арна жаңартылған соң осы хабардың пайда болуын болдырмау үшін оны өшіруге болады.

Сандық: қабылдауды тексеру

⬆ (Басты бет) > Параметрлер > Антеннаны/кабельді орнату > Сандық: қабылдауды тексеру

Осы арнаға сандық жиілік көрсетіледі. Егер қабылдау сапасы нашар болса, қабылдауды жақсарту үшін антеннаны басқа жерге қоюыңызға болады. Осы жиіліктің сигнал сапасын қайтадан тексеру үшін, **Search (Іздеу)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Белгілі бір сандық жиілікті өзіңіз орнату үшін, қашықтан басқару құралындағы сандық пернелерді пайдаланыңыз. Бұған қосымша, жиілікті таңдап, көрсеткілерді < және > пернелерімен бір санға қойып, санды ^ және v пернесімен өзгертіңіз. Жиілікті тексеру үшін **Search (Іздеу)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Аналогты: Қолмен орнату

⬆ (Басты бет) > Параметрлер > Антеннаны/кабельді орнату > Аналогты: қолмен орнату

Аналогтық телеарналарды бір-бірлеп қолмен орнатуға болады.

• Жүйе

Теледидар жүйесін орнату үшін **System** (Жүйе) опциясын таңдаңыз. Елді немесе өзіңіз тұратын ел бөлігін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

• Арнаны іздеу

Арнаны табу үшін **Search Channel** (Арнаны іздеу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Арнаны табу үшін жиілікті енгізуге немесе теледидарда арнаны іздеуге болады. Арнаны автоматты түрде іздеу үшін **OK** түймесін басып, **Search (Іздеу)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Табылған арна экранда көрсетіледі және қабылдау нашар болса, **Search (Іздеу)** түймесін қайта басыңыз. Арнаны сақтағыңыз келсе, **Done** (Дайын) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

• Нақты баптау

Арнаны нақты баптау үшін **Fine tune** (Дәл баптау) опциясын

таңдап, **OK** түймесін басыңыз. **^** немесе **v** көмегімен арнаны нақты баптауға болады.

Табылған арнаны сақтағыңыз келсе **Done (Дайын)**

тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

• Сақтау

Арнаны ағымдағы арна нөміріне немесе жаңа арна нөмірі ретінде сақтауға болады.

Store (Сақтау) пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Жаңа арна нөмірі қысқаша түрде көрсетіледі.

Қол жетімді аналогтық телеарналардың барлығын тапқанша осы қадамдарды қайталай беруге болады.

Спутник

Спутник және Спутник параметрлерін іздеңіз

Спутник арнасын іздеңіз

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Жерсерік іздеу

Бар арналар тізімін жаңарту

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Жерсерік іздеу > Арналарды жаңарту

Барлық арналарды қайта орнату

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Жерсерік іздеу > Арналарды қайта орнату

- Орнатқыңыз келетін арналар тобын таңдаңыз.
- Спутник операторлары тегін арналарды (ашық) жинақтайтын арна бумаларын және елге сәйкес сұрыптауды ұсына алады. Кейбір спутниктер жазылым бумаларын ұсынады - ақша төленетін арналар жиыны.

Спутник параметрлері

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Жерсерік іздеу > Арналарды қайта орнату

1 - From a sorted package (Сұрыпталған бумадан) немесе **All channels unsorted (Барлық арналар сұрыпталмаған)** опциясын таңдаңыз.

2 - Параметрлер пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

3 - Қайта орнату үшін **Reset (Қайта орнату)** немесе баптауды аяқтағаннан кейін **Done (Дайын)** түймесін басыңыз.

Байланыс түрі

Орнатқыңыз келетін жерсерік санын таңдаңыз. Теледидар тиісті байланыс түрін автоматты түрде орнатады.

- **4 жерсерікке дейін** - осы теледидарда 4 жерсерікке дейін (4 LNB) орнатуға болады. Орнатудың басында орнатқыңыз келетін спутниктердің нақты санын таңдаңыз. Бұл орнатуды жылдамдатады.

- **Бір кабель** - антенна тарелкасын теледидарға қосу үшін Бір кабель жүйесін пайдалануға болады. Орнатуды бастаған кезде 1 немесе 2 спутник үшін бір кабель жүйесін таңдауға болады.

LNB параметрлері

Кейбір елдерде бастапқы транспондер мен әрбір LNB параметрлерін реттеуге болады. Қалыпты орнату сәтсіз болған кезде, осы параметрлерді ғана пайдаланыңыз немесе өзгертіңіз. Егер стандартты емес спутник жабдық болса, стандартты параметрлерді қабылдамау үшін осы параметрлерді пайдалануға болады. Кейбір провайдерлер осында енгізуге болатын кейбір транспондерді немесе LNB мәндерін беруі мүмкін.

- ТШБ қуаты - әдепкі, ТШБ қуаты Қосу мәніне қойылған.
- 22 кГц үн - әдепкі, үн Авто мәніне қойылған.
- Төмен LO жиілігі / Жоғары LO жиілігі - Жергілікті осциллятор жиіліктері стандартты мәндерге қойылған. Басқа мәндерді қажет ететін ерекше жабдықты пайдаланған жағдайда ғана мәндерді реттеңіз.

Спутник қосу немесе спутникті алып тастау

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Жерсерік іздеу > Жерсерік қосу немесе Жерсерікті жою

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Жерсерік іздеу > Жерсерік қосу

- Ағымдағы спутник орнатуына қосымша спутникті қосуға болады. Орнатылған спутниктер мен олардың арналары сол күйінде қалады. Кейбір операторлар спутник қосуға рұқсат етпейді.
- Қосымша спутник қосымша ретінде көрінуі керек, ол сіздің негізгі спутник жазылымыңыз немесе арна бумасы пайдаланылатын негізгі спутник болып табылмайды. Әдетте, 3 спутник орнатылып қойғанда, 4-спутникті қосар едіңіз. 4 спутник орнатылып қойған болса, жаңа спутник қоса алу үшін алдымен біреуін жоюды ұйғаруыңыз мүмкін.
- Қазір тек 1 немесе 2 спутник орнатылған болса, ағымдағы орнату параметрлері қосымша спутник қосуға рұқсат етпеуі мүмкін. Орнату параметрлерін өзгертуіңіз керек болса, толық спутник орнатуын қайта орындауыңыз керек. Параметрлерді өзгерту қажет болса, **Add satellite (Спутник қосу)** параметрін пайдалану мүмкін емес.

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Жерсерік іздеу > Жерсерікті жою

Ағымдағы спутник орнатуынан бір немесе бірнеше спутникті жоюға болады. Спутник пен оның арналарын жоясыз. Кейбір спутник операторлары спутникті жоюға рұқсат етпейді.

Арналарды автоматты түрде іздеу

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Арнаны автоматты түрде жаңарту

Сандық арналар қабылданған жағдайда, теледидарды тізімді жаңа арналармен автоматты түрде жаңартатын етіп орнатуға болады.

Сонымен қатар, арнаны жаңартуды өзіңіз бастауға болады.

Арнаны автоматты түрде жаңарту

Бір күні таңғы сағат 6-да теледидар арналарды жаңартып, жаңа арналарды сақтайды. Жаңа арналар барлық арналар ішінде сақталады, бірақ жаңа арналар тізімінде де болады. Бос арналар жойылады.

Жаңа арналар табылған уақытта немесе арналар жаңартылса не жойылса, теледидар қосылған кезде хабар көрсетіледі. Арналарды автоматты жаңарту үшін теледидар күту режимінде болуы керек.

* Тек **Жерсерік арналарының тізімі Сұрыпталған бумадан** мәніне қойылғанда қолданылады

Арнаны жаңарту хабары

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Арнаны жаңарту хабары

Жаңа арналар табылған кезде немесе арналар жаңартылса немесе жойылса, теледидар қосылған кезде хабар көрсетіледі. Әр арна жаңартылған соң осы хабардың пайда болуын болдырмау үшін оны өшіруге болады.

Автоматты түрде жаңарту опциясы

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Арнаны жаңарту опциясы

Автоматты түрде жаңартқыңыз келмесе, жерсерікті таңдау қанат белгісін алып тастаңыз.

* Тек **Жерсерік арналарының тізімі Сұрыпталған бумадан** мәніне қойылғанда қолданылады

Қолмен орнату

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Қолмен орнату

Спутникті қолмен орнатыңыз.

- LNB - Жаңа арналар қосылатын LNB таңдаңыз.
- Поляризация - қажетті поляризацияны таңдаңыз.
- Берілу жылдамдығы режимі - таңбалық жылдамдықты енгізу үшін (Қолмен) опциясын таңдаңыз.
- Жілік - транспондер жиілігін енгізіңіз.
- Іздеу - транспондерді іздеңіз.

Арна бумалары

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Жерсерікті орнату > Жерсерік арналарының тізімі

Спутниктер тегін арналарды (ашық) жинақтайтын арна бумаларын және елге сәйкес сұрыптауды ұсына алады. Кейбір спутниктер жазылым бумаларын ұсынады - ақша төленетін арналар жиыны.

Тек бумадағы арналарды орнату үшін **Сұрыпталған бумадан** опциясын немесе бума мен басқа да барлық қолжетімді арналарды орнату үшін **Барлық арналар сұрыпталмаған** опциясын таңдаңыз. Жазылым бумаларын жылдам орнатуға кеңес беріледі. Жазылым бумасынан тыс қосымша спутниктеріңіз болса, толық орнату ұсынылады. Барлық орнатылған арналар арналар тізіміне қойылады.

Спутник CAM модульдері

Спутник арналарын көру үшін CAM – смарт картасы бар шартты кіру модулін – пайдалансаңыз, теледидарға енгізілген CAM арқылы спутникті орнатуға кеңес береміз.

- **Көп арналы (bypass):** аудио ойнату құрылғылары немесе үй кинотеатры жүйесі үшін шығыс Dolby Digital Plus немесе DTS мазмұнын таңдаңыз.

- Аудио ойнату құрылғыларының Dolby Atmos мүмкіндігін қолдайтынын тексеріңіз.

- Dolby Digital Plus мазмұнын ойнатып жатқанда SPDIF шығысы (DIGITAL AUDIO OUT) ажыратылады.

Сандық шығысты теңеу

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Дыбыс > Кеңейтілген > Сандық шығысты теңеу

Сандық аудио шығысына (SPDIF) немесе HDMI ұясына жалғанған құрылғыдан шыққан қатты дыбыс деңгейін реттеңіз.

- Қаттырақ дыбыс деңгейі үшін **More** (Көбірек) опциясын таңдаңыз.
- Жайырақ дыбыс деңгейі үшін **Less** (Азырақ) опциясын таңдаңыз.

Сандық шығысын кідірту

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Дыбыс > Кеңейтілген > Сандық шығысты кідірту

Кейбір үй кинотеатрының жүйелерінде дыбыс пен бейнені синхрондау үшін, дыбыс синхрондалуының кешігуін реттеу қажет болуы мүмкін. Үй кинотеатрының жүйесінде дыбысты кідірту орнатылған болса, **Ажыратулы** опциясын таңдаңыз.

Сандық шығысты бітеу (тек Сандық шығысын кідірту параметрі Қосу мәніне қойылғанда қолданылады)

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Дыбыс > Кеңейтілген > Сандық шығысты бітеу

- Үй кинотеатрының жүйесінде кідіртуді орната алмаған болсаңыз, теледидарды дыбысты синхрондайтын етіп орнатуға болады.
- Теледидар суретінің дыбысын өңдеу үшін үй кинотеатрының жүйесіне қажет уақытты қамтамасыз ететін бітеуді орнатуға болады.
- 5 мс-тық қадамдармен мәнді орнатуға болады. Ең жоғары орнату уақыты: 60 мс.

Эко параметрлері

Қуатты үнемдеу деңгейін орнату

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Эко параметрлері > Қуат үнемдеу

Қуатты үнемдеудің түрлі деңгейлерін алу үшін **Ең төменгі**, **Орташа** немесе **Ең жоғарғы** опциясын таңдаңыз, не болмаса қуатты үнемдеу режимін өшіру үшін **Ажыратулы** опциясын таңдаңыз.

Қуаттың тұтынылуын үнемдеу үшін экранды өшіру режиміне қою

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Эко параметрлері > Экран өшірулі

Экран өшірулі опциясын таңдаңыз, теледидар экраны өшеді, теледидар экранын қайтадан қосу үшін, қашықтан басқару құралындағы кез келген пернені басыңыз.

Теледидарды автоматты өшіру таймерін орнату

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Эко параметрлері > Автоматты өшіру таймері

Мәнді реттеу үшін ^ (жоғары) немесе v (төмен) көрсеткілерін басыңыз. 0 (Өшіру) мәні автоматты өшіруді ажыратады.

«Автоматты өшіру таймері» опциясын таңдаңыз, қуатты үнемдеу үшін, теледидар автоматты түрде өшеді.

- Теледидар сигналды қабылдаса, бірақ сіз 4 сағатқа дейін қашықтан басқару құралында ешқандай пернені баспасаңыз, теледидар өшеді.
- Теледидар сигналын немесе қашықтан басқару құралының командасын 10 минут қабылдаса, теледидар өшеді.
- Теледидарды монитор ретінде пайдаланып немесе теледидарды көру үшін сандық қабылдағышты (теледидардың абоненттік қосымшасы (STB)) қолданып, теледидардың қашықтан басқару құралын қолданбасаңыз, 0 мәніне қою үшін, осы автоматты өшіру мүмкіндігін ажыратуыңыз қажет.

Жалпы параметрлер

Қосылымға қатысты параметрлер

USB қатты дискісі

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жалпы параметрлер > USB қатты дискісі

Арнаны жазбастан бұрын USB қатты дискісін реттеп, пішімдеу қажет.

USB пернетақта параметрлері

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жалпы параметрлер > USB пернетақтасының параметрлері

USB пернетақтасын орнату үшін теледидарды қосыңыз және USB пернетақтасын теледидардағы USB қосылымдарының біреуіне қосыңыз. Теледидар пернетақтаны бірінші рет анықтағанда пернетақта орналасуын таңдауға және таңдауды сынақтан өткізуге болады.

Тінтуір параметрлері

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жалпы параметрлер > Тінтуір параметрлері

USB тінтуірінің қозғалыс жылдамдығын реттеу.

CAM операторының профилі

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жалпы параметрлер > CAM операторының профилі

Арнаны оңай орнатуға және жаңартуларға арналған оператор профилін CI+CAM күйіне ауыстыру үшін.

HDMI-CEC Connection - EasyLink

HDMI CEC интерфейсімен үйлесімді құрылғыларды теледидарға жалғаңыз, оларды теледидардың қашықтан басқару құралымен пайдалануға болады. Теледидарда және жалғанған құрылғыда EasyLink HDMI CEC қосылуы керек.



EasyLink мүмкіндігін қосу

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жалпы параметрлер > EasyLink > EasyLink > Қосу

HDMI CEC интерфейсімен үйлесімді құрылғыларды теледидардың қашықтан басқару құралымен пайдалану

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жалпы параметрлер > EasyLink > EasyLink қашықтан басқару пульті > Қосу

Ескертпе:

- EasyLink басқа маркалы құрылғылармен жұмыс істемеуі мүмкін.

- HDMI-CEC функциясының аты әр компанияларда әр түрлі болады. Кейбір мысалдар: Anynet, Aquos Link, Bravia Theatre Sync, Kuro Link, Simplink және Viera Link. Бұл маркалардың барлығы EasyLink мүмкіндігімен үйлесімді бола бермейді. Мысалы, HDMI CEC марка атаулары тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

HDMI Ultra HD

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жалпы параметрлер > HDMI Ultra HD

Бұл теледидарда Ultra HD сигналдарын көрсетуге болады. HDMI жүйесімен қосылған кейбір құрылғылар Ultra HD көмегімен ТД анықтамайды және дұрыс жұмыс істемейді немесе бұзылған суретті немесе дыбысты көрсетеді.

Осындай құрылғы ақаулығын болдырмау үшін сигнал сапасын құрылғы өңдейтін деңгейге орнатуға болады. Егер құрылғыда Ultra HD сигналдары пайдаланылмаса, осы HDMI байланысының Ultra HD өшіруге болады.

- **UHD 4:4:4/4:2:2** параметрі Ultra HD (50 Гц немесе 60 Гц) RGB 4:4:4 немесе YCbCr 4:4:4/4:2:2/4:2:0 сигналдарына дейін мүмкіндік береді.
- **UHD 4:2:0** параметрі Ultra HD (50 Гц немесе 60 Гц) YCbCr 4:2:0 сигналдарына мүмкіндік береді.
- **Off** (Ажыратулы) параметрі бейнелерді Full HD мүмкіндігімен көру үшін қажет.

* Сигнал көзі HDMI 2 немесе HDMI 3 қосылымына қойылғанда қолжетімді болады

HDMI Ultra HD опциялары үшін қолдау көрсетілетін формат:

- Ажыратымдылық: 3840 x 2160
- Кадр жиілігі (Гц): 50 Гц, 59,94 Гц, 60 Гц
- Бейне деректерін қосалқы іріктеу (бит тереңдігі)
 - 8 бит: YCbCr 4:2:0, YCbCr 4:2:2*, YCbCr 4:4:4*, RGB 4:4:4*
 - 10 бит: YCbCr 4:2:0*, YCbCr 4:2:2*
 - 12 бит: YCbCr 4:2:0*, YCbCr 4:2:2*

* Тек **HDMI Ultra HD** параметрі **UHD 4:4/4:2:2** мәніне қойылғанда қолдау көрсетіледі.

Орны - Үй немесе дүкен

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Жалпы](#)

[параметрлер > Орны](#)

- Теледидардың орнын таңдау
- **Дүкен** опциясын таңдаңыз, сурет мәнері **Жарқын** опциясына қойылады және дүкен параметрлерін реттеуге болады.
- Дүкен режимі дүкенде жарнама көрсетуге арналған.

Дүкенді орнату

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Жалпы](#)
[параметрлер > Дүкенді орнату](#)

Теледидар **Shop** (Дүкен) режиміне орнатылса, мүмкіндік логотиптерін пайдалануға немесе белгілі бір көрсетілімнің қолжетімділігін дүкенде пайдаланылатын етіп орнатуға болады.

Теледидар параметрлерін қалпына келтіру және теледидарды қайта орнату

Бастапқы теледидар параметрлерінің барлығын қалпына келтіру

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Жалпы](#)
[параметрлер > Зауыттық параметрлер](#)

Теледидарды толығымен қайта орнату және теледидар күйін бірінші қосқан кезге қайта орнату

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Жалпы](#)
[параметрлер > Теледидарды қайта орнату](#)

PIN кодын енгізіп, **Иә** опциясын таңдаңыз, одан кейін теледидарды толығымен қайта орнатыңыз. Барлық параметрлер қайта орнатылып, орнатылған арналар ауыстырылады. Орнатуға бірнеше минут кетуі мүмкін

Кеңейтілген параметрлер

Теледидар нұсқаулығы

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Жалпы](#)
[параметрлер > Кеңейтілген > Телед. нұсқаул.](#)

Теледидар нұсқаулығы мәліметтерді (деректерді) хабар тарататын станциялардан немесе интернеттен алады. Кейбір аймақтарда және кейбір арналар үшін теледидар нұсқаулығының мәліметтері қол жетімді болмауы мүмкін. Теледидар теледидарда орнатылған арналар үшін теледидар нұсқаулығының мәліметтерін жинай алады.

Теледидар сандық қабылдағыштан немесе декодерден көрілген арналар үшін теледидар нұсқаулығының мәліметтерін жинай алмайды.

- Теледидармен берілген ақпарат **Хабар таратушыдан** параметріне орнатылған.
- Егер теледидар интернетке қосылған болса, теледидар нұсқаулығының ақпаратын интернеттен алу үшін теледидарды **From the Internet** (Интернет арқылы) мүмкіндігіне орнатуға болады.

Арна логотиптері

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Жалпы](#)
[параметрлер > Кеңейтілген > Арна логотиптері](#)

Кейбір елдерде теледидар арна логотиптерін көрсетуі мүмкін. Осы логотиптердің пайда болғанын қаламасаңыз, оларды өшіруге болады.

HbbTV параметрлері - Hybrid Broadcast Broadband TV

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Жалпы](#)
[параметрлер > Кеңейтілген > HbbTV](#)

Телеарна HbbTV беттерін ұсынса, беттерді қарау үшін теледидар параметрлерінде HbbTV параметрін қосуыңыз керек.

Аймақ және тіл параметрлері

Тіл

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Тіл](#)

Теледидар мәзірлері мен хабарларының тілін өзгерту

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Тіл > Мәзір тілі](#)

Аудио параметрінің тілін орнату

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Тіл > Негізгі және көмекші дыбыс](#)

Сандық теледидар арналары бағдарлама үшін дыбысты бірнеше тілде таратуы мүмкін. Қалаған негізгі және қосымша аудио тілін орнатуға болады. Егер дыбыс осы тілдердің бірінде қол жетімді болса, теледидар осы аудиоға ауысады.

Субтитр параметрінің тілін орнату

[↑ \(Басты бет\) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Тіл > Негізгі және көмекші субтитр](#)

Сандық арналарда бағдарлама үшін бірнеше субтитр тілі

ұсынылуы мүмкін. Қалаған негізгі және қосымша субтитр тілдерін орнатуға болады. Егер осы тілдердің бірінде субтитр қол жетімді болса, теледидар сіз таңдаған субтитрлерді көрсетеді.

Телемәтін параметрінің тілін орнату

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Тіл > Негізгі телемәтін, Көмекші телемәтін

Кейбір сандық телестанциялары бірнеше Телемәтін тілін қамтамасыз етеді.

Сағат

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Сағат

Сағатты автоматты түрде түзету

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Сағат > Автоматты сағат режимі

- Теледидар сағатына арналған стандартты параметр — **Automatic** (Автоматты). Сағат туралы ақпарат UTC жүйесінен (Әлемдік координацияланған уақыт ақпараты) таратылады.
- Сағат қате болған жағдайда теледидар уақытын **Country dependent** (Елге байланысты) опциясына орнатуға болады.
- **Country dependent** (Елге байланысты) опциясын таңдағанда **Automatic** (Автоматты), **Standard time** (Стандартты уақыт) немесе **Daylight saving time** (Жаздық уақыт) үшін уақытта орнатуға болады.

Сағатты қолмен түзету

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Сағат > Автоматты сағат режимі > Қол режимі

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Сағат > Күн, Уақыт

Алдыңғы мәзірге өтіп, мәнді реттеу үшін **Күн** және **Уақыт** опциясын таңдаңыз.

Ескертпе:

- Егер автоматты параметрлердің ешқайсысы сағатты дұрыс көрсетпесе, оны қолмен орнатсаңыз болады.
- Егер жазбаларды теледидар нұсқаулығынан жоспарласаңыз, уақыт пен күнді қолмен өзгертпеуге кеңес береміз.

Уақыт белдеуін немесе аймағыңыз үшін уақыт ауытқуын орнату

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Сағат > Уақыт белдеуі

Уақыт белдеулерінің бірін таңдаңыз.

Теледидарды алдын ала орнатылған уақыттан кейін күту режиміне автоматты түрде ауысатын етіп орнатыңыз

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Аймақ пен тіл > Сағат > Ұйқы таймері

Теледидарды алдын ала орнатылған уақыттан кейін күту режиміне автоматты түрде ауысатын етіп орнатыңыз. Жүгірткі жолағының көмегімен уақытта 5 минуттық қадамдармен 180 минутқа дейін орнатуға болады. Егер 0 минутқа орнатсаңыз, ұйқы таймері өшіріледі. Әрқашан кері санақ кезінде теледидарды ертерек өшіруге болады немесе уақытты ысыруға болады

Әмбебап қол жеткізу параметрлері

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Әмбебап қол жеткізу

Universal Access (Әмбебап қол жеткізу) қосылған кезде теледидар есту, көру қабілеті нашар адамдардың пайдалануына дайындалады.

Әмбебап қол жеткізу параметрлерін қосу

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Әмбебап қол жеткізу > Әмбебап қол жеткізу > Қосу.

Есту қабілеті нашар адамдар үшін әмбебап қол жеткізу

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Әмбебап қол жеткізу > Есту қабілеті нашар > Қосу

- Кейбір сандық телеарналар есту қабілеті нашар немесе естімейтін адамдарға бейімделген арнайы дыбысты және субтитрлерді таратады.
- Қосылған теледидар, бар болса, бейімделген дыбыс пен субтитрлерге ауысады.

Көзі көрмейтін немесе көру қабілеті нашар адамдар үшін әмбебап қол жеткізу

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Әмбебап қол жеткізу > Аудио сипаттама > Аудио сипаттама > Қосу

Сандық телеарналар экранда не болып жатқанын сипаттайтын арнайы аудио түсініктемені таратуы мүмкін.

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Әмбебап қол жеткізу > Аудио сипаттама > Аудио сипаттама > Аралас дыбыс деңгейі > Динамиктер/Құлақаспап, Дыбыстық әсерлер, Сөз

- **Mixed volume** (Аралас дыбыс деңгейі) опциясын таңдаңыз, қалыпты дыбыстың дыбыс деңгейін аудио түсініктемемен араластыруға болады. Мәнді реттеу үшін ^ (жоғары) немесе v (төмен) көрсеткілерін басыңыз.
- ТД динамиктерінен немесе қосылған құлақаспаптан шыққан дыбысты орнату үшін **Speakers / Headphones** (Динамиктер/Құлақаспап) опциясын таңдаңыз.
- Стерео немесе дыбыстың тынуы сияқты

аудиотүсініктемеде қосымша дыбыстық әсерлерді қосу үшін **Audio effect** (Дыбыстық әсерлер) параметрін **On** (Қосу) опциясына қойыңыз.

• **Descriptive** (Сипаттаушы) немесе **Subtitles** (Субтитр) сияқты сөйлеу параметрін орнату үшін **Speech** (Сөйлеу) опциясын таңдаңыз.

Құлыптау параметрлері

Кодты орнату және кодты өзгерту

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Балалардан қорғау құлпы > Кодты орнату, Кодты өзгерту

Жаңа кодты орнатыңыз немесе өзгертілген кодты қалпына келтіріңіз. Балалардан қорғау құлпы арналарды немесе бағдарламаларды құлыптау немесе құлпын ашу үшін қолданылады.

Ескертпе: PIN кодын ұмытсаңыз, ағымдағы **8888** кодын қайта жазып, жаңа кодты енгізуіңізге болады.

Бағдарламаларды құлыптау

🏠 (Басты бет) Параметрлер Балалардан қорғау құлпы > Ата-аналық рейтинг

Рейтингті бағдарламаларды көру үшін ең төменгі жасты орнатыңыз.

SAM PIN коды

🏠 (Басты бет) > Параметрлер > Балалардан қорғау құлпы > SAM PIN

Жазу үшін SAM PIN кодын орнатыңыз.

Желі

12.1

Үй желісі

Philips Smart TV толық мүмкіндіктерін пайдалану үшін теледидар интернетке қосылуы қажет.

Теледидар үй желісіне жоғары жылдамдықты интернет байланысымен қосыңыз. Теледидарды сымсыз немесе сымды желі роутеріне қосуға болады.

12.2

Желіге қосылу

Сымсыз байланыс

Сізге не қажет

Теледидарды интернетке сымсыз жалғау үшін интернет қосылымы бар Wi-Fi маршрутизаторы қажет. Жылдамдығы жоғары (кең ауқымды) интернет қосылымын пайдаланыңыз.



Wi-Fi мүмкіндігін қосыңыз немесе өшіріңіз

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Желі > Wi-Fi қосулы/өшірулі

Байланыс орнату

Байланыс орнату - Сымсыз

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Желі > Желіге қосылу > Сымсыз

1 - Табылған желілер тізімінен сымсыз желіні таңдаңыз. Желі атауы жасырын болғандықтан, желі тізімде болмаса (маршрутизатордың SSID таратылымын өшіріп қойғансыз), желі атауын өзіңіз енгізу үшін Add New Network (Жаңа желі қосу) тармағын таңдаңыз.

2 - Маршрутизатордың түріне байланысты шифрлау кілтін енгізіңіз - WEP, WPA не WPA2. Осы желіге шифрлау кілтін бұрын енгізіп қойсаңыз, бірден байланыстыру үшін **OK**

түймесін басуға болады.

3 - Байланыс сәтті болғанда хабар көрсетіледі.

Байланыс орнату - WPS

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Желі > Желіге қосылу > WPS

Маршрутизаторда WPS болса, маршрутизаторға желілер үшін сканерлеместен тікелей жалғауға болады. Сымсыз желіңізде WEP қауіпсіздік шифрлау жүйесін пайдаланатын құрылғылар болса, WPS пайдалана алмайсыз.

1 - Маршрутизаторға өтіп, WPS түймесін басыңыз және 2 минут ішінде теледидарға оралыңыз.

2 - Байланыс орнату үшін **Қосылу** түймесін басыңыз.

3 - Байланыс сәтті болғанда хабар көрсетіледі.

Байланыс орнату - PIN коды WPS

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Желі > Желіге қосылу > PIN коды бар WPS

Маршрутизаторда PIN коды бар WPS болса, маршрутизаторға желілер үшін сканерлеместен тікелей жалғауға болады. Сымсыз желіңізде WEP қауіпсіздік шифрлау жүйесін пайдаланатын құрылғылар болса, WPS пайдалана алмайсыз.

1 - Экранда көрсетілген 8 санды PIN кодын жазып, оны компьютердегі маршрутизатор бағдарламалық құралына енгізіңіз. PIN кодын маршрутизатор бағдарламалық құралының қай бөлігіне енгізуді маршрутизатор нұсқаулығынан қараңыз.


2 - Байланыс орнату үшін **Қосылу** түймесін басыңыз.

3 - Байланыс сәтті болғанда хабар көрсетіледі.

Сымды байланыс

Сізге не қажет

Теледидарды интернетке қосу үшін интернет қосылымы бар желі маршрутизаторы қажет. Жылдамдығы жоғары (кең ауқымды) интернет қосылымын пайдаланыңыз.



Байланыс орнату

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Желіге қосылу](#) > [Сымды](#)

1 - Маршрутизаторды теледидарға желілік кабельмен (Ethernet кабелі**) қосыңыз.

2 - Маршрутизатордың қосылып тұрғанын тексеріңіз.

3 - Теледидар желі қосылымын үздіксіз іздейді.

4 - Байланыс сәтті болғанда хабар көрсетіледі.

Егер байланыс орнатылмаса, маршрутизатордың DHCP параметрін тексеруге болады. DHCP параметрі қосылу болуы қажет.

**EMC ережелерін орындау үшін қорғалған FTP Cat. 5E Ethernet кабелін пайдаланыңыз.

12.3

Желі параметрлері

[Желі параметрлерін көру](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Желі параметрлерін көру](#)

Ағымдағы барлық желі параметрлерін осы жерден көруге болады. IP және MAC мекенжайы, сигнал күші, жылдамдығы, шифрлау әдісі, т.б.

[Желі конфигурациясы - Статикалық IP мекенжайы](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Желі конфигурациясы](#) > [Статикалық IP мекенжайы](#)

Тәжірибелі пайдаланушы болсаңыз және желіні статикалық IP мекенжайымен орнатқыңыз келсе, теледидарды **Static IP** (Статикалық IP мекенжайы) параметріне орнатыңыз.

[Желі конфигурациясы - Статикалық IP конфигурациясы](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Статикалық IP конфигурациясы](#)

1 - **Статикалық IP конфигурациясы** түймесін басып, байланысты конфигурациялаңыз.

2 - **IP Address** (IP мекенжайы), **Netmask** (Желі маскасы), **Gateway** (Шлюз), **DNS 1** немесе **DNS 2** нөмірін орнатуға болады.

[Wi-Fi желісімен қосу \(WoWLAN\)](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Wi-Fi желісімен қосу \(WoWLAN\)](#)

Теледидар күту режимінде болса, бұл теледидарды смартфоннан немесе планшеттен қоса аласыз. **Switch on with Wi-Fi (WoWLAN) (Wi-Fi желісімен қосу (WoWLAN))** параметрі қосылу болуы қажет.

[Digital Media Renderer - DMR](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Digital Media Renderer - DMR](#)

Егер мультимедиялық файлдар теледидарда ойнатылмаса, Digital Media Renderer (Сандық мультимедиа өңдегіш) қосылу екенін тексеріңіз. Зауыттық параметр ретінде DMR қосылу болады.

[Wi-Fi желісімен қосу](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Wi-Fi қосылу/өшірулі](#)

Теледидардағы Wi-Fi байланысын қосуға немесе өшіруге болады.

[Wi-Fi Miracast байланысын қайта орнату](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Wi-Fi Miracast қосылымын қайта орнату](#)

Miracast функциясымен бірге пайдаланылатын қосылған және блокталған құрылғылардың тізімін тазалаңыз.

[Теледидар желісінің атауы](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [ТД желі атауы](#)

Үйдегі желіңізде бірнеше теледидар болса, теледидарға бірегей атау беруге болады.

[Netflix параметрлері](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Netflix параметрлері](#)

Netflix settings (Netflix параметрлері) көмегімен ESN нөмірін немесе белсенді емес Netflix құрылғысын көруге болады.

[Интернет жадын тазалау](#)

[🏠 \(Басты бет\)](#) > [Параметрлер](#) > [Желі](#) > [Интернет жадын тазалау](#)

Интернет жадын тазалау мүмкіндігімен Philips серверлік тіркеу және ата-аналық рейтинг параметрлерін, бейнелер дүкені қолданбасының кіру мәліметтерін, Philips қолданбалар галереясының барлық таңдаулы қолданбаларын, интернет бетбелгілерін және журналды тазалауға болады. Сондай-ақ, интерактивті MHEG қолданбалары «cookie» атты файлдарды теледидарға сақтай алады. Бұл файлдар да жойылады.

Smart TV

13.1

Smart TV қызметін реттеу

Smart TV алғаш ашылған кезде байланысты конфигурациялау керек. Жалғастыру үшін шарттар мен талаптарды оқып келісіңіз.

Smart TV іске қосу беті — интернет сілтемесі. Онлайн теледидармен үйлесімді болған кезде бейнелерді онлайн жалға алуға, газеттерді оқуға, бейнелерді қарауға музыканы тыңдауға, онлайн сатып алуға немесе телебағдарламаларды көруге болады.

Smart TV қолданбасын ашу

Smart TV бастапқы бетін ашу үшін  **Smart TV** пернесін басыңыз.

Болмаса,  (Басты бет) > **Утилиталар** түймесін басып,  **Smart TV** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Теледидар интернетке қосылады және Smart TV іске қосу бетін ашады. Бұған бірнеше секунд кетуі мүмкін.

Smart TV қолданбасын жабу

Smart TV бастапқы бетін жабу үшін   (Басты бет) түймесін басып, басқа әрекетті таңдаңыз.

TP Vision Europe B.V. мазмұнға және мазмұн провайдерлері қамтамасыз еткен мазмұн сапасына жауапты болмайды.

13.2

Smart TV бастапқы беті

Қолданбаларыңыз

Smart TV іске қосу бетінен қолданбалар басталды. Егер іске қосу бетінде қолданбалар болмаса, қолданба галереясының қолданбаларын қосуға болады.

Қолданбалар галереясы

Қолданбалар галереясында бүкіл қол жетімді қолданбаларды табасыз.

Интернет

Интернет қолданбасы теледидарда интернетті ашады. Теледидарда кез келген интернет веб-торабын көруге болады, бірақ олардың көпшілігі Теледидар экранына арналмаған.

- Теледидарда кейбір қосылатын модульдер (мысалы, беттерді немесе бейнелерді көруге арналған) қол жетімді емес.

- Интернет беттері бір-біреуден және толық экрандық күйде көрсетіледі.

Recommended Apps (Ұсынылатын қолданбалар)

Осы терезеде Philips ұйымы елге арналған ұсынылатын қолданбалар ауқымын, онлайн теледидар қолданбаларын немесе бейне дүкендерінен жалгерлік бейнелер таңдауын көрсетеді. Ұсынылатын қолданбалар терезесінен оларды таңдап ашуға болады.

Іздеу

Іздеу көмегімен қолданбалар галереясында тиісті қолданбаларды іздеуге болады.

Мәтін өрісіне кілтсөзді енгізіп,  опциясын таңдап, іздеуді бастау үшін **OK** түймесін басыңыз. Іздеу үшін аттарын, тақырыптарын, жанрларын және сипаттама кілтсөздерін енгізуге болады.

Болмаса, мәтін өрісін бос қалдырып, санаттар ауқымы үшін ең танымал іздеулер/кілтсөздер іздеңіз. Табылған кілтсөздер тізімінен кілтсөзді таңдап, кілтсөзбен элементтерді іздеу үшін **OK** түймесін басыңыз.

13.3

Қолданбалар галереясы

Теледидарға арналған қолданбаларды, бейімделген веб-сайттар жиынын шолу үшін Smart TV теледидарында **App gallery** (Қолданбалар галереясы) опциясын ашыңыз.

YouTube бейнелері, ұлттық газет, желілік фотоальбом, т.б. үшін қолданбаны табыңыз. Онлайн бейнелер дүкенінен бейнені жалға алуға арналған қолданбалар және өткізіп алған бағдарламаларды көруге арналған қолданбалар бар. Егер қолданбалар галереясында іздеген нәрсеңіз болмаса, ғаламторды қолданып, интернетті теледидарда шолыңыз.

13.4

Бірнеше көрініс

Smart TV қолданбасында немесе интернетте болғанда ағымдағы телеарнаны көре аласыз. **Multi view (Бірнеше көрініс)** Smart TV экранының жанында телеарна үшін шағын экранды ашады.

Multi view (Бірнеше көріністі) ашу үшін...

1 - Smart TV қызметін ашу үшін  **SMART TV** пернесін басыңыз.

2 - Smart TV бетінде бір қолданбаны ашыңыз.

3 - Шағын экранды ашу үшін  **MULTI VIEW** пернесін басыңыз.

4 - Шағын экрандағы телеарнаны өзгерту үшін  + немесе  – пернесін басыңыз.

* Барлық Smart TV қолданбасы теледидар арнасымен бірнеше көріністі қолдай бермейді.

Ambilight

14.1

Ambilight мәнері

📌 (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight мәнері

Ambilight жарығының жану өрнегін таңдауға болады.

Бейне сәйкестігі

📌 (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight мәнері > Бейнені аяқтау

Теледидар экранындағы суреттің динамикасына сәйкес болатын мәнерлердің біреуін таңдаңыз.

- **Standard** (Стандартты) - теледидарды күнделікті көруге ыңғайлы
- **Natural** (Табиғи) - суретке немесе дыбысқа барынша табиғи сәйкестендіреді
- **Immersive** (Шомуға әкелетін) - боевик фильмдерге ыңғайлы
- **Vivid** (Жарқын) - күндізгі жарық жағдайларында қарауға ыңғайлы
- **Game** (Ойын) — ойнауға ыңғайлы
- **Comfort** (Жайлылық) - кешкі тыныш уақытқа ыңғайлы
- **Relax** (Демалу) - демалуға ыңғайлы

Дыбыс сәйкестігі

📌 (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight мәнері > Аудионы аяқтау

Дыбыстың динамикасына сәйкес болатын мәнерлердің біреуін таңдаңыз.

- **Lumina** — Аудио динамиктерін бейне түстерімен араластырады
- **Colora** - Аудио динамиктеріне негізделген
- **Retro** - Аудио динамиктеріне негізделген
- **Spectrum** - Аудио динамиктеріне негізделген
- **Scanner** - Аудио динамиктеріне негізделген
- **Rhytm** - Аудио динамиктеріне негізделген
- **Party** – барлық дыбыс сәйкестігі стильдерінің араласқан жиынтығы, бірінен соң бірі

Түске сәйкестігі

📌 (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight мәнері > Түсті аяқтау

Алдын ала орнатылған түс мәнерлерінің бірін таңдаңыз.

- **Hot lava** (Қызған лава) - қызыл түс түрлері
- **Deep Water** (Терең су) - көк түс түрлері
- **Fresh nature** (Адам тимеген табиғат) - жасыл түс түрлері

- **Warm white** (Жылы ақ) - жылы ақ түс түрлері
- **Cool white** (Салқын ақ) - салқын ақ түс түрлері

Follow App қолданбасы

📌 (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight мәнері > Қолданбаны аяқтау

Бұл функцияны Ambilight жарығын қолданбамен басқарған кезде қолдануға болады.

14.2

Ambilight ашықтығы, қанықтығы

Brightness (Жарықтық)

📌 (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Жарықтық

Ambilight ашықтығының деңгейін орнату үшін, ^ (жоғары) немесе v (төмен) көрсеткілерін басыңыз.

Қанықтығы

📌 (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Қанықтығы

Ambilight қанықтығының деңгейін орнату үшін, ^ (жоғары) немесе v (төмен) көрсеткілерін басыңыз.

14.3

Ambilight+реңк

Реңк шамдарын конфигурациялау

1-қадам - желі

📌 (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight + түс реңкі > Реңк шамдарын конфигурациялау

Осы бірінші қадамда теледидарды **Philips Hue Bridge** (Philips реңк көпірі) функциясын табуға дайындайсыз. Теледидар мен Philips реңк көпірі бірдей желіні пайдалануы керек.

Орнату...

- 1 - Philips реңк көпірін қуат көзіне жалғаңыз.
- 2 - Philips реңк көпірін теледидарға қолданатын маршрутизаторға жалғаңыз — Ethernet кабелін жалғау үшін қолданыңыз.
- 3 - Реңк шамдарын қосыңыз.

Реттеуді бастау үшін...

- 1 - 📌 (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight + түс реңкі > Реңк шамдарын конфигурациялау тармағын басыңыз.
- 2 - **Start now** (Қазір іске қосу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. ТД Philips реңк көпірін

іздейді. Теледидар әлі желіге қосылмаған болса, теледидар алдымен желіні реттеуді бастайды. Philips реңк көпірі тізімде пайда болса.

Теледидарды үй желісіне қосу туралы қосымша ақпарат алу үшін **Help** (Анықтама) бөлімінде **Keywords** (Кілтсөздер) түсті пернесін басып, **Network Settings** (Желі параметрлері) деп іздеңіз.

2-қадам – Реңк көпірі

Келесі қадамда теледидарды **Philips Hue Bridge** (Philips реңк көпірі) арқылы байланыстырасыз. Теледидарды тек бір реңк көпірімен байланыстыруға болады.

Реңк көпірін байланыстыру үшін...

1 - Желіге қосылған кезде теледидар қолжетімді реңк көпірлерін көрсетеді. Теледидар Реңк көпірін таппаса, **Scan again** (Қайтадан қарап шығу) пәрменін таңдап, **OK** түймесін басуға болады.

Теледидар сізде бар реңк көпірін ғана тапса, реңк көпірінің атын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Бірнеше Реңк көпірлері қолжетімді болса, қолданылатын реңк көпірін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

2 - Start (Іске қосу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

3 - **OK** түймесін басқаннан кейін **Philips hue Bridge** (Philips реңк көпірі) тармағына өтіп, құрылғының ортасындағы сілтеме түймені басыңыз. Бұл реңк көпірін теледидармен байланыстырады. Мұны 30 секунд ішінде істеңіз. Теледидар реңк көпірінің қазір теледидармен байланысқанын тексереді.

4 - OK опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Philips реңк көпірі теледидармен байланыстырылғанда, **Hue bulbs** (Реңк шамдары) бетіне өтіңіз.

3-қадам – Реңк шамдары

Келесі қадамда Ambilight түстерін пайдаланатын **Philips Hue bulbs** (Philips реңк шамдары) опциясын таңдайсыз. Ambilight+hue (Ambilight + Реңк) үшін ең көбі 9 Philips реңк шамын таңдауға болады.

Ambilight+hue (Ambilight + Реңк) үшін шамдарды таңдау үшін...

1 - Ambilight орындаулары қажет шамдарды тізімде белгілеңіз. Шамды белгілеу үшін, шамның атын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Шамды белгілеген кезде шам бір рет жыпылықтайды.

2 - Аяқтаған кезде **OK** пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

4-қадам – Шамды конфигурациялау

Келесі қадамда әрбір **Philips Hue bulb** (Philips реңк шамы) функциясын реттейсіз.

Әрбір реңк шамын реттеу үшін...

1 - Конфигурацияланатын шамды таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Таңдалған шам жыпылықтап тұрады.

2 - Start (Іске қосу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

3 - Алдымен, шамды теледидарға қатысты қайда орналастырғаныңызды көрсетіңіз. Дұрыс **Angle (Бұрыш)** параметрі шамға дұрыс Ambilight түсін жібереді. Орынды реттеу үшін жүгірткіні таңдаңыз.

4 - Екіншіден, шам мен теледидар арасындағы **Distance** (Қашықтық) тармағын көрсетіңіз. Теледидардан алыстаған сайын Ambilight түсі әлсіздей береді. Қашықтықты реттеу үшін жүгірткіні таңдаңыз.

5 - Соңында, шамның **Brightness** (Жарықтық) опциясын реттеңіз. Жарықтықты реттеу үшін жүгірткіні таңдаңыз.

6 - Шамды конфигурациялауды тоқтату үшін **OK** пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

7 - Configure Ambilight+hue (Ambilight+реңк конфигурациялау) мәзірінде әр шам үшін бірдей орындауға болады.

8 - Бүкіл Ambilight+hue (Ambilight + Реңк) шамдары реттелгеннен кейін **Finish** (Аяқтау) пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Ambilight+hue (Ambilight + Реңк) пайдалануға дайын.

Ambilight+реңк параметрлері

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight + түс реңкі > Ажырату

Ambilight+hue мүмкіндігін өшіру

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight + түс реңкі > Батыру

Реңк шамдарының Ambilight режиміне сай болу жолын реттеу үшін, ^ (жоғары) немесе v (төмен) көрсеткілерін басыңыз.

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight + түс реңкі > Lounge light+реңк

Ambilight+hue (Ambilight + Реңк) орнатсаңыз, реңк шамдарын Ambilight жарығынан Lounge light жарығына жүргізуге болады. Philips реңк шамдары Lounge light әсерін бөлме ішіне жаяды.

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight + түс реңкі > Конфигурацияны көру

Ambilight+реңк, желі, көпір мен шамдардың ағымдағы параметрлерін көріңіз.

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Ambilight > Ambilight + түс реңкі > Конфигурацияны қайта орнату

Ambilight+реңк функциясының ағымдағы параметрлерін бастапқы қалпына келтіріңіз.

Кеңейтілген Ambilight параметрлері

Тұсқағаз түсі

🏠 (Басты

бет) > Параметрлер > Ambilight > Кеңейтілген > Тұсқағаз түсі

- Ambilight түстеріндегі түсті қабырға әсерін жою
- Теледидардың артындағы қабырға түсін таңдаңыз, сонда теледидар Ambilight түстерін көзделген түрде пайда болатындай етіп бейімдейді.

Теледидарды өшіру

🏠 (Басты

бет) > Параметрлер > Ambilight > Кеңейтілген > Теледидарды өшіру

Ambilight функциясын теледидарды өшіргенде бірден өшетін немесе баяу өшетін етіп реттеңіз. Баяу біртіндеп өшу қонақ бөлмесінде шамдарды қосу үшін біраз уақыт береді.

Netflix

Егер Netflix мүшелік жазылымы болса, осы теледидарда Netflix мүмкіндігін пайдалануға болады. Теледидар интернетке қосылған болуы керек.

Netflix қолданбасын ашу үшін **NETFLIX** түймесін басыңыз. Netflix қолданбасын күту режиміндегі теледидардан тікелей ашуға болады.

www.netflix.com

Қоршаған ортаға қауіпсіз

16.1

Еуропаның энергиялық тиімділік белгісі

Еуропалық Одақтың энергиялық тиімділік белгісі осы өнімнің қуатты пайдалану тиімділік дәрежесін көрсетеді. Осы өнімнің қуат тұтыну дәрежесі неғұрлым жасыл болса, соғұрлым азырақ қуат тұтынады.

Белгіде қуатты тұтыну тиімділігінің дәрежесі, осы өнімнің қолданыс кезіндегі орташа қуатты тұтыну мөлшері және 1 жылдық тұтынылатын қуат мөлшері көрсетілген. Осы өнімнің қуатты тұтыну мөлшерін сіздің елге арналған Philips веб-сайтынан (www.philips.com/TV) көруге болады

16.2

Өнімнің микрофишасы

43PUx6262

- Энергия тиімділігінің класы: A+
- Көрінетін экран өлшемі: 108 см / 43 дюйм
- Қосұлы қуат шығыны (Вт): 43 Вт
- Жылдық энергия шығыны (кВтсағ)*: 63 кВт/сағ
- Күту режиміндегі қуат шығыны (Вт)**: 0,30 Вт
- Дисплей ажыратымдылығы (пиксельдер): 3840 x 2160

49PUx6262

- Энергия тиімділігінің класы: A+
- Көрінетін экран өлшемі: 123 см / 49 дюйм
- Қосұлы қуат шығыны (Вт): 56 Вт
- Жылдық энергия шығыны (кВтсағ)*: 82 кВтсағ
- Күту режиміндегі қуат шығыны (Вт)**: 0,30 Вт
- Дисплей ажыратымдылығы (пиксельдер): 3840 x 2160

50PUx62x2

- Энергия тиімділігінің класы: A+
- Көрінетін экран өлшемі: 126 см / 50 дюйм
- Қосұлы қуат шығыны (Вт): 61 Вт
- Жылдық энергия шығыны (кВтсағ)*: 90 кВт
- Күту режиміндегі қуат шығыны (Вт)**: 0,30 Вт
- Дисплей ажыратымдылығы (пиксельдер): 3840 x 2160

55PUx62x2

- Энергия тиімділігінің класы: A+
- Көрінетін экран өлшемі: 139 см / 55 дюйм
- Қосұлы қуат шығыны (Вт): 63 Вт
- Жылдық энергия шығыны (кВтсағ)*: 92 кВтсағ
- Күту режиміндегі қуат шығыны (Вт)**: 0,30 Вт
- Дисплей ажыратымдылығы (пиксельдер): 3840 x 2160

65PUx6262

- Энергия тиімділігінің класы: A++
- Көрінетін экран өлшемі: 164 см / 65 дюйм
- Қосұлы қуат шығыны (Вт): 70 Вт

- Жылдық энергия шығыны (кВтсағ)*: 103 кВт
- Күту режиміндегі қуат шығыны (Вт)**: 0,30 Вт
- Дисплей ажыратымдылығы (пиксельдер): 3840 x 2160

* Жыл сайынғы кВтсағ энергия шығыны күнделікті 4 сағаттық теледидар жұмысының қуат шығынын 365 күнге көбейтуге негізделеді. Нақты энергия шығыны теледидарды пайдалану әдісіне негізделеді.

** Теледидар қашықтан басқару құралымен өшірілген кезде функция белсенді болмайды.

16.3

Пайдалануды аяқтау

Ескірген бұйымдарды және батареяларды жою

Өнім қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдардан және бөлшектерден жасалған.



Бұйымнан сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2012/19/EU нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.



Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтырудың жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті тәртіпке сәйкес әрекет жасауыңызды және ескі өнімдерді кәдімгі тұрмыстық қалдықпен тастамауыңызды өтінеміз. Ескі өнімді дұрыс тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды.



Батареяларды бөліп жинақтаудың жергілікті тәртібі туралы ақпаратпен танысқан жөн, себебі оны дұрыс тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

Ерекшеліктер

17.1

Қуат

Өнімнің техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Осы өнімнің техникалық сипаттамалары туралы қосымша мәліметті www.philips.com/support сайтынан қараңыз

Қуат

- Желі кернеуі: 220-240 В айнымалы ток +/-10%
- Сыртқы температура: 5-35°C

Қуаттың тұтынылуы туралы ақпаратты **Product Fiche** (Өнімнің микрофишасы) тарауынан қараңыз.

Өнімнің жапсырмасында көрсетілген қуат күштілігі қалыпты үйде пайдалану кезіндегі өнімнің тұтынылатын қуат мөлшері болып табылады (IEC 62087 Ed.2). Жақшаға алынған қуаттың ең көп мөлшері электр қауіпсіздігі үшін пайдаланылады (IEC 60065 Ed. 8.0).

17.2

Қабылдау

- Антенна кірісі: 75 Ом коаксиалды (IEC75)
- Тюнер ауқымдары: Hyperband, S-Channel, UHF, VHF
- DVB: DVB-T2, DVB-C (кабель) QAM
- Аналог бейне файлды ойнату: SECAM, PAL
- Сандық бейнені ойнату: MPEG2 SD/HD (ISO/IEC 13818-2), MPEG4 SD/HD (ISO/IEC 14496-10), HEVC*
- Сандық аудионы ойнату (ISO/IEC 13818-3)
- Спутник антеннасының кірісі: 75 Ом, F түрі
- Кіріс жиіліктердің ауқымы: 950-2150 МГц
- Кіріс деңгейінің жиілігі: 25-65 дБм
- DVB-S/S2 QPSK, таңба жылдамдығы 2-45 миллион таңба, SCPC және MCPC
- ТШБ: DiSEqC 1.0, 1-4 LNB үшін қолдау көрсетіледі, Полярлықты таңдау 14/18V, ауқым таңдау 22 кГц, үнді күшейту режимі, LNB тогы ең көбі 300 мА

* Тек DVB-T2, DVB-S2 үшін

17.3

Дисплей ажыратымдылығы

Экранның диагональдік өлшемі

- 43PUx6262: 108 см / 43 дюйм
- 49PUx6262: 123 см / 49 дюйм
- 50PUx62x2: 126 см / 50 дюйм
- 55PUx62x2: 139 см / 55 дюйм
- 65PUx6262: 164 см / 65 дюйм

Дисплей ажыратымдылығы

- 3840 x 2160

Қолданылатын кіріс ажыратымдылығы - Бейне

Қолдау уақытын реттеу

Бейнені қолдау уақытын реттеуге 23,976 Гц, 29,97 Гц және 59,94 Гц өріс/кадр жиілігі де кіреді.

HDMI

- 480i - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 480p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 576i - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 576p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 720p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 1080i - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 1080p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 3840 x 2160p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц

HDMI - UHD

↑ (Басты бет) > Параметрлер > Жалпы параметрлер > HDMI Ultra HD

Бұл теледидарда Ultra HD сигналдарын көрсетуге болады. HDMI жүйесімен қосылған кейбір құрылғылар Ultra HD көмегімен ТД анықтамайды және дұрыс жұмыс істемейді немесе бұзылған суретті немесе дыбысты көрсетеді.

Осындай құрылғы ақаулығын болдырмау үшін сигнал сапасын құрылғы өңдейтін деңгейге орнатуға болады. Егер құрылғыда Ultra HD сигналдары пайдаланылмаса, осы HDMI байланысының Ultra HD өшіруге болады.

UHD 4:4:4/4:2:2* параметрімен HDMI қосылымы UHD (50 Гц немесе 60 Гц) RGB 4:4:4 немесе YCbCr 4:4:4/4:2:2/4:2:0 сигналдарына дейін мүмкіндік береді. **UHD 4:2:0** параметрі UHD (50 Гц немесе 60 Гц) YCbCr 4:2:0 сигналдарына мүмкіндік береді.

* Сигнал көзі HDMI 2 немесе HDMI 3 қосылымына қойылғанда қолжетімді болады

Компонент, Құрамдас

Құрамдас

- PAL, NTSC, SECAM

Компонент

- 480i - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 480p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 576i - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 576p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 720p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц
- 1080i - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц

- 1080p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц

17.5

Қолданылатын кіріс ажыратымдылығы - Компьютер

- 640 x 480 - 60 Гц
- 800 x 600 - 60 Гц
- 1024 x 768 - 60 Гц
- 1280 x 800 - 60 Гц
- 1280 x 960 - 60 Гц
- 1280 x 1024 - 60 Гц
- 1366 x 768 - 60 Гц
- 1440 x 900 - 60 Гц
- 1920 x 1080 - 60 Гц
- 3840 x 2160 - 60 Гц

17.6

Дыбыс

- Incredible Surround
- Clear Sound
- Smart Sound
- Шығыс қуат (RMS): 20 Вт
- Dolby® Digital
- DTS 2.0+ Сандық шығыс

17.7

Мультимедиа

Байланыстар

- USB 2.0 / USB 3.0
- Ethernet LAN RJ-45
- Wi-Fi 802.11n (ендірілген)

Қолдауы бар USB файл жүйелері

- FAT, NTFS

Ойнату пішімдері

- Бейне кодекі: AVI, MKV, HEVC, H.264/MPEG-4 AVC, MPEG1, MPEG2, MPEG4, WMV9/VC1, VP9
- Дыбыс кодекі: MP3, WAV, AAC, WMA (v2 v9.2-ге дейін), WMA-PRO (v9 және v10)
- Субтитрлер:
 - Формат: SRT, SMI, SSA, SUB, ASS, TXT
 - Таңбалық кодтар: UTF-8, Орталық Еуропа және Шығыс Еуропа (Windows-1250), Кириллица (Windows-1251), Грек (Windows-1253), Түрік (Windows-1254), Батыс Еуропа (Windows-1252)
- Кескін кодекі: JPEG, GIF, PNG, BMP

Wi-Fi Certified

Бұл теледидар Miracast сертифицикатталған құрылғыларына қолдау көрсетеді.

Пайдаланылатын мобильді құрылғы мен бағдарламалық құралға байланысты өнімділік деңгейі әртүрлі болуы мүмкін.

17.8

Байланыс мүмкіндігі

Теледидардың бүйірі

- Жалпы интерфейс ұясы: CI+/CAM
- USB 2 - USB 2.0
- HDMI 3 кірісі - MHL - UHD - HDR
- Құлақаспап - стерео, 3,5 мм шағын ұяшығы

Теледидардың артқы жағы

- YPbPr: Y Pb Pr, Audio L/R
- CVBS: CVBS, Audio L/R (YPbPr екеуіне ортақ)

Теледидардың төменгі жағы

- Дыбыс шығысы - оптикалық Toslink
- USB 1 - USB 3.0
- Желілік LAN - RJ45
- Спутник тюнері
- Антенна (75 Ом)
- HDMI 1 кірісі - ARC - UHD
- HDMI 2 кірісі - UHD - HDR

Ақаулықтарды жою

18.1

Кеңестер

Теледидар мәселесінің шешімін **Ақауларды жою** ішінен таба алмасаңыз, іздеген ақпаратыңызды **Анықт.** >

Пайдаланушы нұсқаулығы

бөліміндегі **— Кілтсөздер** опциясын пайдалануға болады. Пайдаланушы нұсқаулығындағы қатысты бетке өту үшін кілтсөзді таңдаңыз.

Пайдаланушы нұсқаулығында сұрағыңызға жауап таба алмасаңыз, Philips компаниясының қолдау көрсету веб-сайтына өте аласыз.

Philips TV қатысты кез келген мәселені шешу үшін, желідегі қолдау қызметін пайдалануға болады. Тілді таңдап, өнімнің үлгі нөмірін енгізуге болады.

www.philips.com/support сайтына өтіңіз.

Қолдау қызметінің сайтында еліңіздің бізге хабарласуға арналған телефон нөмірін, сондай-ақ, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар табуға болады. Кейбір елдерде қызметкерлеріміздің біреуімен сөйлесіп, сұрағыңызды тікелей қоюыңызға немесе электрондық пошта арқылы жіберуіңізге болады.

Теледидардың жаңа бағдарламалық құралын немесе компьютерде оқу үшін нұсқаулықты жүктеп алуға болады.

Теледидардағы басқа ақауларды жою және жиі қойылатын сұрақтар (ЖҚС)...

Мына мекенжайға

өтіңіз: <http://philips-tvconsumercare.kxondemand.com/portal/en/ModelSelect>

Планшетте, смартфонда немесе компьютерде Теледидар Анықтамасы

Кеңейтілген нұсқаулардың реттіліктерін оңайырақ орындау үшін теледидардың анықтамасын PDF пішімінде жүктеп, смартфонда, планшетте немесе компьютерде оқуға болады. Бұған қосымша, тиісті анықтама бетін компьютерден басып шығаруға болады.

Анықтаманы (пайдаланушы нұсқаулығын) жүктеп алу үшін www.philips.com/support сайтына өтіңіз

18.2

Қосу

Теледидар қосылмайды

- Қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз. Бір минут күтіңіз де, қайта қосыңыз. Қуат кабелі берік қосылғанын тексеріңіз. Қайтадан қосып көріңіз.
- Теледидарды басқа қабырға розеткасына жалғап, оны қосып көріңіз.

- Теледидардан барлық қосылған құрылғыларды ажыратып, оны қосып көріңіз.
- Теледидардағы күту режимінің жарығы қосылып тұрса, теледидар қашықтан басқару құралына жауап бермеуі мүмкін.

Іске қосылу немесе өшу кезіндегі сықырлаған дыбыс

Теледидарды қосқанда немесе күту режиміне қойғанда, теледидардың корпусынан сықырлаған дыбысты естисіз. Сықырлаған дыбыс теледидардың сууы және жылуы кезіндегі қалыпты кеңею және тарылуына байланысты болады. Бұл өнімділікке әсер етпейді.

Philips бастапқы экранын көрсеткеннен кейін теледидар қайтадан күту режиміне өтеді

Теледидар күту режимінде болғанда, Philips бастапқы экраны көрсетіледі, содан кейін теледидар күту режиміне оралады. Бұл — қалыпты әрекет. Теледидар қуат көзінен ажыратылса және қайта қосылса, келесі іске қосылғанда бастапқы экран көрсетіледі. Теледидарды күту режимінен қосу үшін қашықтан басқару құралындағы немесе теледидардағы **⏻** (Күту режимі / Қосу) түймесін басыңыз.

Күту режимінің шамы жыпылықтай береді

Қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз. Қуат кабелін қайта қоспай тұрып, 5 минут күтіңіз. Егер қайта жыпылықтаса, Philips TV тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

Анықт. > Пайдаланушы нұсқаулығы

тармағындағы **— Кілтсөздер** түрлі түсті пернесін басып, **Байланыс ақпараты** деп іздеңіз.

Теледидар өздігінен өшіп қалады

Теледидар кездейсоқ өшіп қалса, **Автоматты өшіру таймері** параметрі қосылып тұрған болуы мүмкін. **Автоматты өшіру таймері** көмегімен теледидар 4 сағат қашықтан басқару құралының сигналдары қабылданбаса, өшіп қалады. Бұл автоматты өшудің алдын алу үшін, осы параметрді ажыратыңыз. **Анықт.** > **Пайдаланушы нұсқаулығы** тармағындағы **— Кілтсөздер** түрлі түсті пернесін басып, **Автоматты өшіру таймері** деп іздеңіз.

Сондай-ақ, теледидар сигналды не қашықтан басқару құралының пәрменін 10 минут ішінде қабылдамаса, теледидар автоматты түрде өшеді.

18.3

Қашықтан басқару құралы

Теледидар қашықтан басқару құралына жауап бермейді

- Теледидардың іске қосылуына біраз уақыт қажет. Бұл уақытта теледидар қашықтан басқару құралына немесе теледидарды басқару тетіктеріне жауап бермейді. Бұл — қалыпты әрекет.
- Қашықтан басқару құралының батареяларында заряд болмауы мүмкін. Батареяларды жаңасымен алмастырыңыз.

Арналар

Орнату кезінде ешқандай сандық арналар табылмады

- Теледидардың антеннаға жалғанғанын немесе провайдер сигналын пайдаланатынын тексеріңіз. Кабель жалғауларын тексеріңіз.
- Теледидарды орнатқан елде сандық арналар қолжетімді екенін тексеріңіз.
- Дұрыс DVB (Сандық бейне тарату) жүйесі таңдалғанын тексеріңіз. Антеннаны немесе ортақ антеннаны қолданғанда, DVB-T (жер) опциясын, ал теледидар кабельдік қызметін CAM модулімен пайдалансаңыз, DVB-C (кабель) опциясын таңдаңыз.
- Орнатуды қайталап, ел мен жүйе дұрыс таңдалғанын тексеріңіз.

Орнату кезінде ешқандай аналогтық арналар

табылмады

- Теледидардың антеннамен жалғанғанын тексеріңіз. Кабель жалғауларын тексеріңіз.
- Дұрыс DVB (Сандық бейне тарату) жүйесі таңдалғанын тексеріңіз. Антеннаны немесе ортақ антеннаны пайдаланғанда, DVB-T (жер) опциясын таңдаңыз.
- Орнатуды қайталап, орнату барысында **Сандық және аналогтық арналар** опциясын таңдаңыз.

Кейбір арналар жоғалып кетті, барлығын немесе

алдында орнатылған кейбір арналар табылмады

- Әдетте қолданатын дұрыс **Арналар тізімі** немесе **Таңдаулылар тізімі** таңдалғанын тексеріңіз.
- Кейбір арналар жылжытылған немесе тіпті оларды таратушы жойған болуы мүмкін. Қалыпты арналар тізімінде жоғалтқан арналарды іздеп көріңіз. Егер арна әлі де қолжетімді болса, оны таңдаулылар тізіміне қайтаруға болады.
- Арналар **Арнаны автоматты түрде жаңарту** барысында арналар тізімінен жойылуы мүмкін. Осы автоматты жаңартулар теледидар күту режимінде болғанда түнде орындалады.

Енді жоқ арналар жойылған және арналар тізіміне жаңа арналар қосылады. Арнаның бар екенін тексергенде, теледидар таба алмағандықтан, арна жойылған болуы мүмкін. Ол түнде таратылмауы мүмкін.

Арналардың әлі де бар болғанына қарамастан, теледидар таба алмайтындықтан, **Арнаны автоматты түрде жаңарту** барысында арналардың жойылуына жол бермеу үшін **Арнаны автоматты түрде жаңарту** опциясын ажыратуға болады.

▲ (Басты бет) > Параметрлер > Антеннаны/кабельді орнату > Жерсерікті орнату* > Арнаны автоматты түрде жаңарту

* Жерсерікті орнату тек ххPUS6162, ххPUS6262, ххPUS6272 теледидар үлгілеріне арналған.

DVB-T2 HEVC арнасы

- Сіздің еліңізде теледидар DVB-T2 HEVC пішімін қолдайтынын тексеру үшін және DVB-T арнасын қайта орнату үшін техникалық сипаттамаларды қараңыз.

Спутник

Теледидар маған қажетті спутниктерді таба алмайды немесе теледидар бір спутникті екі рет орнатады

